

2:7 СЕРИЯ

АЛТЫНШЫ КУРС



*«Негіздерің Мәсіхте болып,
терең тамыр жайып, өсе беріңдер;
өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстанып,
Құдайға шексіз алғыс айтатын болыңдар!»*
ҚОЛОСТЫҚТАРҒА 2:7

ҚАТАРДАҒЫ ҚАУЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

© 1979 by The Navigators

Revised edition © 1987

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced in any form without written permission from NavPress, P.O. Box 35001, Colorado Springs, CO 80935. ISBN 5-86181-147-

4

Мазмұны

БАҚЫЛАУ КҮНДЕЛІГІ	5
1-САБАҚ	7
5-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу	7
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 1-апта	8
Осы курстың <i>Тақырып бойынша жаттау жүйесі</i>	8
Қол суреті арқылы берілген мысалдар	9
Өзіңіздің рухани өсуіңізді мерзімді түрде тексеру	10
2-САБАҚ	12
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 2-апта	12
3-САБАҚ	14
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 3-апта	14
Киелі Жазбаны жаттауға арналған өзін-өзі тексеру тапсырмасы	15
4-САБАҚ	17
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 4-апта	17
5-САБАҚ	18
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 5-апта	18
Үйрене білу – ақылдың белгісі	18
6-САБАҚ	21
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 6-апта	21
Дұғалар тізімін қалай тиімді пайдалану жайында	21
7-САБАҚ	24
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 7-апта	24
8-САБАҚ	25
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 8-апта	25
Ойланып, толғануды әдетке айналдыру	26
9-САБАҚ	29
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 9-апта	29
<i>Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі</i> барлық 60 аятты қайталап жатқа айту жайында	30
10-САБАҚ	31
Киелі Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар – 10-апта	31
Киелі кітаппен танысу сабақтарын пайдалану жайында	32
Киелі кітаппен танысу сабақтарын жүргізудің бес қадамы	33
Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын құжаттар	40
«Иса Мәсіх Кім?» деген тараудан үзінді	41
«Иса Мәсіхтің қызметі» деген тараудан үзінді	42
«Мәсіхпен бірге мәңгілік өмір сүру» деген тараудан үзінді	43
Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын жоспар	44

11-САБАҚ	46
Жақсы жаттау қабілетін жетілдіру	46
12-САБАҚ	49
6-курс аяқталды –ары қарай не?	49
Киелі кітап оқудағы жетекшілік: “Шәкірт ретінде жетілу”, (Шәкірт дайындау бағдарламасы), 6-кітап	51
“Шәкірт деген кім?”	52
“Жауапкершілігі бар қызметкер”	61
“Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу”	69
“Істі жалғастыра беру”	76
“Осы дүниенің жағдайы”	82
“Иса Мәсіхтің туылуы”	89

92-беттен кейін сіз мынандай парақтарды табасыз:

Киелі кітап оқу күнделігі,

Рухани өсуіңізді тексеру парақтары,

Дұғаның жауаптарын жазуға арналған парақтар

Маңызды ескерту: Бұл құжаттарды тек дайындықтан өткен жүргізушілер ғана қолдана алады. Олар міндетті түрде (1) осы құжаттарды оқушы ретінде оқып шығуы немесе (2) 2:7 серияның арнайы оқу орындарында осы серияны нәтижелі қолдану жолын үйреніп шыққан болуы тиіс.

Бақылау күнделігі

Өз бақылау күнделігіңізді тобыңыздағы адамдарға тексертіп, оларға осы курстың талаптарын қалай орындап жүргеніңізді көрсетіңіз. Олар әр бөлімнің күнін белгілеп, оның қасына өздерінің қолын қоятын болсын.

КИЕЛІ ЖАЗБАНЫ ЖАТТАУ

Есіміңіз Күні

“Мәсікке ұқсас болыңыз” (ГБЖЖ-Г-12) тақырыбы бойынша жатталған аяттар:

“Сүйіспеншілік” - Жохан 13:34-35		
“Сүйіспеншілік” - Жохан. 1-хаты 3:18		
“Кіші пейілділік” – Філіпі. хат 2:3-4		
“Кіші пейілділік” - Петір. 1-хаты 5:5-6		
“Тазалық” - Ефес. хат 5:3		
“Тазалық” - Петір. 1-хаты 2:11		
“Адалдық” - Леуілік. 19:11		
“Адалдық” - Елшілер. істері 24:16		
“Сенім” - Еврей. хат 11:6		
“Сенім” - Рим. хат 4:20-21		
“Игі істер” - Ғалат. хат 6:9-10		
“Игі істер” - Матай 5:16		
“Мәсікке ұқсас болыңыз” тақырыбы бойынша барлық аяттарды жатқа айттым, Г-12		
“Мәсіхтің шәкірті болыңыз” және “Құдайға сенім артыңыз” деген тақырыптардың барлық аяттарын 14 күнде жүйелі түрде қайталадым В-12, Б-12		
“Мәсіх туралы айтыңыз” тақырыбы бойынша барлық аяттарды жатқа айттым, Ә-12		
“Жаңа өмір сүріңіз” тақырыбы бойынша барлық аяттарды жатқа айттым, А-12		
“Мәсіхпен бірге бастау” бөлімінің барлық аяттарын жатқа айттым		
15-беттегі өзін-өзі тексеру тапсырмасын орындадым		
Тақырып бойынша жаттау жүйесінің барлық алпыс аятын жатқа айттым		

ТЫНЫШ УАҚЫТ

Киелі кітап оқу күнделігін 14 күнде жүйелі түрде толтырдым

КУӘЛІК БЕРУ

“Көпір” арқылы берілген мысалдарды сенбеуші адамға түсіндіріп немесе оған куәлік беріп, осының нәтижесі жайында сабақта айттым

КИЕЛІ КІТАП ОҚУДАҒЫ ЖЕТЕКШЛІК

“ШӘКІРТ РЕТІНДЕ ЖЕТІЛУ” (Шәкірттер дайындау бағдарламасы, 6-кітап)

1-тарау - “Шәкірт деген кім?”		
2-тарау - “Жауапкершілігі бар қызметкер”		
3-тарау - “Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу”		
4-тарау - “Істі жалғастыра беріңіз”		
5-тарау - “Осы дүниенің жағдайы”		
БАСҚА ДА ЖҰМЫСТАР		
Өзімнің рухани өсуімді тексердім (10-бет)		
Үйрене білуге арналған тапсырманы орындадым (18-20-беттер)		
Дұғалар жазылған парақтарды екі апта пайдаландым		
Ойланып, толғануға арналған тапсырманы орындадым (26-27-беттер)		
Жарты күнді дұға етумен өткіздім		
ЖҮРІЗУШІНІҢ БЕЛГІСІ		
6-курсты бітіру жайында		

1-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. *5-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу* деген бөлімді оқыңыз (7-бет).
2. *Бақылау күнделігіне* қарап 6-курста істелінетін жұмыстармен қысқаша танысыңыз (5-6 беттер).
3. *Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар -1-апта* деген бөлімді оқып, талқылаңыз (8-бет).
4. *Шәкірт ретінде жетілу* деген бөлімді, осы курстың Киелі кітап оқудағы жетекшілігіндегі жұмыстарды (51-88-беттер) қарап, оларға арналған кіріспені (51-бет) дауыстап оқып шығыңыз.
5. *Қол суреті арқылы берілген мысалдарды* қысқаша талқылаңыз (9-бет).
6. *Өзіңіздің рухани өсуіңізді мерзімді түрде тексеру* деген бөлімді талқылаңыз (10-бет).
7. 2-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (11-бет).
8. 2-сабақта Киелі кітапты зерттеу сабағын жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

5-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу

5-курстың мақсаттары мынадай болған:

1. Тыныш уақытыңызды тұрақты әрі жемісті етіп жалғастыра беру үшін:
 - a. Киелі кітап оқуды дұға етумен мағыналы етіп үйлестіру;
 - ә. Құдаймен бірге тыныш уақытты бір ізді түрде өткізуге 14 күн жұмсап, ойларыңызды жазып жүру.
2. *Мәсіхпен бірге бастау* бөліміндегі бес аятты және *Тақырып бойынша жаттау жүйесі* деген бөлімдегі алғашқы отыз алты аятты (А, Ә, Б-сериялары) қайталау.
3. Киелі кітапты зерттеу тобының мүшесі ретінде *Сенімнің негіздері* (Шәкірт дайындау бағдарламасы, 5-кітап) деген бөлімді оқып, талқылау. (Оқушының әрқайсысына *Киелі кітап оқудағы жетекшілік* құжаттары бойынша кем дегенде бір рет сабақ өткізуге мүмкіндік берілген болатын).
4. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында топқа айтып беру.
5. *Сіздің жеке күнделігіңіз және Дұғалар мен олардың жауаптары* деген құжаттарды қолдана бастау.
6. Апталық және күнделікті жоспарлаудың негіздерін, сондай-ақ қажетті нәрселердің тізмін жеті күн бойы пайдалануды үйрену.
7. Киелі кітапты зерттеу сабақтарына арналған түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтарды құрастыруды үйрену.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта

Мәсікке ұқсас болу

Құдай әр сенушінің Мәсікке ұқсас болуын қалайды. Алайда арамыздағылардың көбісі осы дүниеден қысым көріп, онымен ымыраға келе бастайды, демек Киелі кітаптағы негіздерден алыстайды. Біздің Мәсікке арналған еңбегіміздің аса жемісті болмайтыны осыдан емес пе?! Басқалар біздің өмірімізден Мәсіхтің бар екенінің көргенде ғана Оған жақындағысы келетін болады. Дегенмен Мәсікке ұқсастық тек үстіртін ғана болмай, ішкі жан дүниемізден де көрінуі керек.

Біз Киелі жазба жайында ойланып, одан ақыл алғанда бұл ақиқаттар көзқарасымыз бен шешімдерімізге әсер етіп, біздің мәсіхші болмысымызды қалыптастырады. Г сериясында сіз осы жағдайдың қалай болатынын түсінуге көмектесетін он екі үзіндіні үйренесіз.

Болашақта жатталатын аяттарды таңдау

Киелі кітапты оқыған кезде немесе уағыз тындағанда сіз кейбір аяттарға қызғып, оларды жаттап алғыңыз келетін болар. Осындай аяттардың сілтемелері мен негізгі ойды білдіретін сөйлемді жазып алыңыз. 6-курсты бітіргеннен кейін сіз осындай тізімнен жаттауға аяттар таңдай аласыз.

2:7 серияның Киелі жазбаны жаттау негіздерін де қайталаған пайдалы болады. Осы негіздердің тұжырымдамасы 46-48-беттерде келтірілген.

Өзін-өзі тексеру тапсырмасы

3-сабақтағы *Өзін-өзі тексеру тапсырмасы* 5 және 6-курстардағы жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар бойынша құрастырылған.

Осы курстың Тақырып бойынша жаттау жүйесі

Бұл кұрста сіз *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* соңғы он екі аятын жаттайсыз:


Г. Мәсікке ұқсас болыңыз

Сүйіспеншілік	Жохан 13:34-35	Жохан.1-хаты 3:18
Кішіпейілділік	Філіпі. хат 2:3-4	Петір. 1-хаты 5:5-6
Тазалық	Ефес. хат 5:3	Петір. 1-хаты 2:11
Адалдық	Леуілік. 19:11	Елшілер. істері 24:16
Сенім	Еврей. хат 11:6	Рим. хат 4:20-21
Игі істер	Ғалат. хат 6:9-10	Матай 5:16

“Егер сендер айтқандарымды
естеріңе сақтап, жүзеге асырсаңдар,
шынымен Менің шәкірттерің боласыңдар”

-Жохан 8:31

Қол суреті арқылы берілген мысалдар



Қол арқылы берілген мысалдар Киелі жазбадағы ақиқаттарды іс жүзінде қалай мықты ұстану жолын бізге көрнекі түрде көрсетеді. Жасалған зерттеулер бойынша біздің есімізде қалған нәрселердің...

- *5 пайызы ЕСТІГЕНІМІЗ
- *15 пайызы ОҚЫҒАНЫМЫЗ
- *35 пайызы ЗЕРТТЕГЕНІМІЗ
- *100 пайызы ЖАТТАҒАНЫМЫЗ

Сонымен, Киелі кітапты бір ізді үйрену үшін естуді, оқуды, зерттеуді және жаттауды үйлестіру керек. Сіз осы төрт жолды қолданып Киелі жазба жайында ойланып, толғанған кезде олар сіз үшін әлдеқайда ерекше болып, сіздің Мәсіхке ұқсас болып жетілуіңізге көмектеседі.

Енді Киелі кітаптан үйренудің осы бес жолын толығырақ қарайық:

1. *Есту* - Құдайдың сөзін қауым бағушыларының және рухани ұстаздардың аузынан есту бізге басқа адамдардың Киелі кітапты зерттеуден нені білгені жайында хабардар болуға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл өзімізді де Киелі жазбаны зерттеуге жігерлендіреді. (Естігенді қысқаша жазып отыру оны есте жақсырақ сақтауға көмектеседі).
2. *Оқу* - Киелі кітапты оқу бізге Киелі жазба жайында жалпы түсінік береді, сонымен бірге бұл тыныш уақыттың негізі болып табылады.
3. *Зерттеу* - Киелі жазбаны зерттеу оны тереңірек оқудың әдісі болып табылады. Бұл өзімізге ашылған ақиқаттарды есте ретпен сақтау үшін оларды жазып жүруді де қамтиды.
4. *Жаттау* - Құдай сөзін жатқа білу бізге Киелі Рухтың семсерін азғыруларды жеңу үшін пайдалануға мүмкіндік береді және аяттарды қолданып Құдай туралы басқаларға айтуға көмектеседі. Киелі жазбаны жатқа білу ойланып, толғануды барған сайын мағыналы етеді.
5. *Ойланып, толғану* - Киелі кітапты үйренудің жоғарыдағы төрт әдісінің әрқайсысымен қосақталып жүретін іс. Біз Құдай сөзі жайында ойланып, толғанғанда, Оның жаңаратын күшінің өзіміздің ішкі дүниемізді өзгерткенін көре аламыз.

Өзіңіздің рухани өсуіңізді мерзімді түрде тексеру

1-курста сіз Мәсіхке бой ұсынған адамның өмірін көрсететін *Шеңбер арқылы берілген мысалдарды* оқып, талқыладыңыз. *Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі* алғашқы он екі аят осы “шеңбердің” алты бөлігінің әрқайсысына байланысты. “Құдай сөзі” деген бөлік осы мысалдарда толығырақ қаралады.

Енді сіз осы екі мысалдағы (“Шеңбер” мен “Қол”) бөліктердің өз өміріңізге қалай енгенін көру үшін өзіңіздің рухани өсуіңізді тексересіз.

Сіз осы үш қадамнан тұратын тексеруді жылына бірнеше рет, мүмкін, тіпті айына бір рет өткізуге тиісті боларсыз. Өзіңізге осындай баға беру әдісін сіз алдағы жылдарда қолдана аласыз, сонымен бірге ол туралы басқа да мәсіхшілерге айтып бере аласыз.

Осы сұрақтардың әрқайсысына жауап беріңіз:

А. Бірден онға дейінгі бағалау бағанасын қолдана отырып, төменгі аймақтардағы өзіңіздің рухани өміріңізді қалай бағалайтын едіңіз? (1-нашар, 10-өте жақсы).

<i>Шеңбер</i>		<i>Қол</i>	
_____	Мәсіх ортада	_____	Сөзді есту
_____	Мәсіхке бой ұсыну	_____	Сөзді оқу
_____	Сөзді қабылдау	_____	Сөзді зерттеу
_____	Дұға	_____	Сөзді жаттау
_____	Қарым-қатынас	_____	Сөз жайында ойланып, толғану
_____	Куәлік беру		

Ә. Өзіңіз қазір табысқа жеткен осы он бір аймақтың кейбіреулері жайында айтыңыз:

Б. Жақсартылуға тиісті аймақтарда жасауға жоспарланған өзгерістерді атаңыз:

2-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 12-беттегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар-2-апта* деген бөлімді оқып бітіріп, *Жохан 13:34-35* және *Жохан. 1-хаты 3:18*-аяттарды жаттаңыз.

ә. *Мәсіхпен бірге бастау* бөлімінің бес аяты мен *Мәсіхтің шәкірті болыңыз* деген В сериясының он екі аятын жаттап келіңіз.

б. МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТ: 6-курсты бітіру үшін сіз бір отырғанда *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын, тақырыптарымен және сілтемелерімен қоса айтып беруге міндетті боласыз. Сондықтан аяттарды қайталауға осы курста ерекше көңіл бөліңіз.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:* 1-тараудың 1-12-сұрақтарына жауап беріңіз (52-55-беттер).

2-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. Топтарға бөлініп, “Сүйіспеншілік” деген бөлімдегі екі аятты қайталаңыз: Жохан 13:34-35 және Жохан. 1-хаты 3:18. Сонымен бірге *Мәсіхпен бірге бастау* бөліміндегі және *Мәсіхтің шәкірті болыңыз* деген В сериясындағы аяттарды қайталаңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгілеген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі* “Шәкірт деген кім?” деген 1-тараудың 1-12-сұрақтарын талқылаңыз (52-55-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қықаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 3-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (13-бет).
7. 3-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 2-апта

Аяттар жайында

Г БӨЛІМІ. МӘСІХКЕ ҰҚСАС БОЛЫҢЫЗ

Адам тек Мәсіх сияқты өмір сүргенде ғана Құдайдың даңқын арттыра алады. Иса Мәсіх бізді басқалардан өзгеше етіп, шындықты іздеп жүрген адамдардың назарын бізге аударады.

1-ТАҚЫРЫП. СҮЙІСПЕНШІЛІК

Адал сүйіспеншілік сирек кездеседі. Шынайы сүйіспеншілік - Құдайдың қасиеті, “өйткені Құдай - сүйіспеншілік” (Жохан. 1-хаты 4:8). Мұндай сүйіспеншілік біздің қолымыздан келмейді; бұл - Киелі Рухтың жемісі.

Жохан 13:34-35 - Иса Өзінің шәкіттерінің ерекшелігі олардың бір-бірін шынайы сүйюлерінде болатынын айтқан.

Жохан. 1-хаты 3:18 - Сүйіспеншілік тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де көрінуі керек.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Г бөлімінің бірінші екі аятын (Жохан 13:34-35 және Жохан. 1-хаты 3:18) мұқабаныңыздың мөлдір қалтасына салып қойыңыз.
2. А және В серияларының аяттарын күнделікті қайталап жүру үшін мұқабаныңызға салып қойыңыз.
3. 2:7 серияның өткен курстарында үйренген аяттарды жаттау реті бойынша ары қарай жұмыс істей беріңіз.

3-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 14-беттегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар -3-апта* деген бөлімді оқып бітіріңіз. Філіпі. хат 2:3-4 және Петір. 1-хаты 5:5-6-аяттарды жаттаңыз.

ә. *Мәсіхпен бірге бастау* бөліміндегі және В сериясындағы аяттарды жатқа айтуға дайын болыңыз.

б. 15-беттегі *Өзін-өзі тексеру тапсырмасын* орындаңыз.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:* 1-тараудың 13-22-сұрақтарына жауап беріп, *қорытындысындағы* бос жолдарды толтырыңыз (55-60-беттер).

3-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Кішіпейілділік” деген бөлімдегі екі үзіндіні қайталаңыз: Філіпі. хат 2:3-4 және Петір. 1-хаты 5:5-6. *Мәсіхпен бірге бастау* бөліміндегі және В сериясындағы аяттарды жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі “Шәкірт деген кім?”* деген 1-тараудың 13-22-сұрақтары мен *қорытындысын* талқылаңыз (55-60-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қықаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 4-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (16-бет).
7. 4-сабақта Киелі кітапты зерттеу сабағын жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 3-апта

Аяттар жайында

2-ТАҚЫРЫП. КІШПЕЙІЛДІЛІК

Жаратылысынан тәкаппар болса да, кез келген адамда кішіпейілділікті үйренетін қабілет бар. Иса былай деген: “Бірге жүріп, үйреніңдер Өзімнен, жуас, кіші пейілмін шын жүректен” (Матай 11:29). Кішіпейілділік - жасанды сыртқы көрініс емес, ол - жүрек қалауы. Кішіпейіл адам Құдайдың берген сыйлары мен дарындарын шынайы қадірлеп, оларды Құдайдың даңқын арттыру үшін пайдаланады. Өр көкіректік араздық тудырса, кішіпейілділік азат етеді.

Філіпі. хат 2:3-4 - Кішіпейіл адам жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, басқаларды өзінен жоғары қоюға тырысады. Мұндай адам басқалардың мүддесін өз мүддесіндей көреді.

Петір. 1-хаты 5:5-6 - Құдай тәкаппарларға қарсы тұрады, өйткені тәкаппарлар Оның даңқын елемейді. Ол өр көкіректерді төмендетіп, айықтыратын жағдайға түсіре алады, алайда осындай кезде біз кішіпейіл болып, Құдайдың бізді жоғарылататын уақытын сабырлықпен күтуіміз керек. Құдайдың ойынша, жоғарыға көтерілу үшін төмендетілу керек.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Філіпі. хат 2:3-4 мен Петір. 1-хаты 5:5-6-аяттарды мұқабаныңыздың мөлдір қалтасына салып, оларды осы аптада жаттаңыз.
2. Сіз Жохан 13:34-35 пен Жохан. 1-хаты 3:18-аяттарды жаттап алдыңыз, енді оларды күнделікті қайталап жүру үшін мұқабаныңызға салып қойыңыз. В сериясының алғашқы екі аятын алып шығып оларды аяттар қорапшасына салып қойыңыз.
3. А сериясының аяттарын күнделікті қайталап жүру үшін мұқабаныңызда сақтаңыз; сондай-ақ В сериясының қалған аяттарын және Г сериясының екі жаңа аятын қайталаңыз.
4. Алдымен тақырыпты, содан соң үзіндінің алдында және одан кейін сілтемені айтуды ұмытпаңыз.
5. Аптаның соңында аяттары қаншалықты дәлме-дәл жаттағаныңызды тексеріңіз.
6. Осы уақытқа дейін *Өзін-өзі тексеру тапсырмасын* орындамаған болсаңыз, енді іске асырыңыз.

7. Бола қалған бос сәттерді аяттарды жаттауға және Құдай сөзі жайында ойланып-толғануға жұмсауды ұмытпаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған өзін-өзі тексеру тапсырмасы

Осы тапсырманы орындау үшін 5-курста және осы курстың алғашқы үш аптасында *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқауларды* қайталаңыз. Дұрыс жауаптар тапсырманың соңында көрсетілген.

1. “Осы дүниелік қысымға” қарсы тұру үшін біз (ең дұрыс жауапты белгілеңіз):

_____ а. осы қысымға үнсіз шыдауымыз керек.

_____ ә. Құдайға сенім артып, Оның күшін дұшпанмен соғысуға қолдануымыз керек.

2. Аяттарды жақсы жаттаудың ең тиімді үш жолы (ең дұрыс деген үш жауапты белгілеңіз):

_____ а. кейін жаттағыңыз келген аяттардың сілтемелерін жазып жүру.

_____ ә. жаңа аяттарды бір ізді түрде әр апатада жаттау.

_____ б. жатталған аяттарды Киелі кітапта белгілеу.

_____ в. мұқабадағы барлық аяттарды күнделікті қайталау.

_____ г. Жатталған аяттарды қатесіз айту үшін оларды жеткілікті жиілікпен қайталап жүру.

3. Егер жаңа аяттарды жаттау жалықтыратын және қызық емес болып бара жатса, мынаны істеуге болады (екі ең дұрыс жауапты белгілеңіз):

_____ а. төрт немесе алты аптаға үзіліс жасап, ешқандай аят жаттамау.

_____ ә. дұға етуге және аяттар жайында ойланып толғануға көбірек уақыт жұмсау.

_____ б. аяттарды жаттаудың жаңа әдісін табу.

_____ в. аяттарды біреумен сөйлескенде және хат жазғанда жиірек қолдану.

4. *Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі* сериялардың қасына тиісті әріптерді (А-Г) қойыңыз:

_____ а. Құдайға сенім артыңыз

_____ ә. Мәсіхке ұқсас болыңыз

_____ б. Мәсіх туралы айтыңыз

_____ в. Жаңа өмір сүріңіз

_____ г. Мәсіхтің шәкірті болыңыз

5. Сіз жаттағыңыз келген аятты көрген кезде мынаны істегеніңіз дұрыс (ең дұрыс жауапты белгілеңіз):

_____ а. оны дереу жаттап алу.

_____ ә. аяттың сілтемесін және оның жалпы мағынасын білдіретін бірнеше сөздерін жаттап, аяттың өзін жаттауды кейінге қалдыру.

_____ б. аяттың сілтемесі мен оның негізгі ойын білдіретін сөйлемді жазып алып, оны *Тақырып бойынша жаттау жүйесін* аяқтағаннан кейін жаттауды жоспарлау.

Дұрыс жауаптар: 1-ә; 2-ә, в, г; 3-ә, в; 4-Б, Г, Ә, А; 5-б.

4-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 17-беттегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар-4-апта* деген бөлімді оқып бітіріп, Ефес. хат 5:3 және Петір. 1-хаты 2:11-аяттарды жаттаңыз.

ә. *Жаңа өмір сүріңіз* деген А сериясының аяттарын жатқа айтуға дайын болыңыз.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:*

а. 2-тараудың 1-12-сұрақтарына жауап беріңіз (61-65-беттер).

4-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Тазалық” деген бөлімдегі Ефес. хат 5:3 және Петір. 1-хаты 2:11-аяттарды қайталап, *Жаңа өмір сүріңіз* деген А сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта Құдайдың өзіңізге не үйреткені жайында басқаларға айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітапты оқудағы жетекшіліктегі* “Жауапкершілігі бар қызметкер” деген 2-тараудың 1-12-сұрақтарын талқылаңыз (61-65-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 5-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (17-бет).
7. 5-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 4-апта

Аяттар жайында

3-ТАҚЫРЫП. ТАЗАЛЫҚ

Ефес. хат 5:3 - Құдай Мәсіхке сенушілердің әдепсіздіктің барлық түрінен аулақ болуларын талап етеді, өйткені олар Құдайдың таңдап алған қасиетті халқы болып табылады.

Петір. 1-хаты 2:11 - Рухани өмірге тәндік құмарлықтардан өзге еш нәрсе көп зиян келтіре алмайды. Біз күнә болатын жерге қарай қаншалықты жақындай алатынымызды сынап бермей, “жамандықтың қай түрінен де аулық жүріндер” дегенді ұмытпауымыз керек (Салоника. 1-хат 5:22).

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Осы аптада Ефес. хат 5:3 және Петір. 1-хаты 2:11-аяттарды жаттаңыз.
2. Філіпі. хат 2:3-4 және Петір. 1-хаты 5:5-6-аяттарды мұқабаның ішіне салып қойыңыз. В сериясының тағы екі аятын мұқабадан алып шығып, олардан аяттар қорапшасына салып қойыңыз.
3. А сериясының аяттары мұқабаның ішінде болсын, оларды күнделікті қайталап жүріңіз. Сондай-ақ, В сериясының қалған аяттары мен Г сериясының төрт жаңа аятын да қайталаңыз.

5-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

- а. 18-беттегі *5-аптаның* нұсқауларын оқып талқылаңыз, Леуілік.19:11-аятты жаттаңыз.
 - ә. *Жаңа өмір сүріңіз* деген А сериясының аяттарын жатқа айтуға дайын болыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
 3. *Киелі кітапты зерттеу:* 2-тараудың 13-20-сұрақтарына жауап беріп, оның *қорытындысын* жасаңыз (65-68-беттер).
 4. *Басқа да жұмыстар:* *Үйрене білу - ақылдың белгісі* деген бөлімді оқып, ондағы сұрақтарға жауап беріп, пікір алысуға дайындалыңыз (18-20-беттер).

5-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Адалдық” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Леуілік. 19:11.
А сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойлар жайында басқаларға айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітапты оқудағы жетекшіліктегі “Жауапкершілігі бар қызметкер”* деген 2-тараудың 13-20-сұрақтары мен *қорытындысын* талқылаңыз (65-68-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. *Үйрене білу - ақылдың белгісі* деген бөлімді талқылаңыз (18-20-беттер).
7. 6-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (20-бет).
8. 6-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 5-апта

Аяттар жайында

4-ТАҚЫРЫП. АДАЛДЫҚ

“Ұсталып қалмасам болғаны” және “бұл әркім істейтін нәрсе ғой” деген сөздер арсыз әрекеттерді ақтау үшін жиі қолданылады. Алайда мәсіхшілер рухани деңгейден тыс жағдайлармен ымыраға келуге азғырылмаулары керек.

Леуілік. 19:11 - Бұл аятта Құдай Мұсаға Өзінің адалдық жайындағы негіздерін көрсетеді.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Осы аптада тек Леуілік. 19:11-аятты жаттаңыз.
2. А сериясының аяттарын қорапшаға салып, олардың орнына мұқабаға Ә сериясының аяттарын салыңыз.
3. Ефес. 1-хат 5:3 және Петір. 1-хаты 2:11-аяттарды мұқабаға салыңыз.
В сериясының екі аятын мұқабадан алып, оларды қорапшаға салыңыз.
4. Ә сериясының аяттарын, В сериясының соңғы алты аятын және Г сериясының бірінші аяттарын күнделікті қайталаңыз.

Үйрене білу - ақылдың белгісі

“Мысқылшыға ескертпе, ол сені жек көреді. Ақылдыға ескертсең, ол сені жақсы көреді. Ақылдыға үйретсең, ақылы аса түсер; шыншылға үйретсең, білігін молайта түсер”.

- Нақыл сөз. 9:8-9

2:7 серияның 6-курсын бітірген кезде сіз едәуір рухани тәжірибе жинап, Киелі кітапты зерттеу сабақтарында топпен пікір алысуды шеберлікпен жүргізе аласыз; тыныш уақыт өміріңіздің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс; сіз өз өміріңіз бен қызметке маңызы зор бірқатар аяттарды білетін боласыз. Сондай-ақ, Құдай сізге көмектесу үшін 2:7 сериядан басқа жолдарды да қолданғаны күмәнсыз.

Алайда шайтан өз торына тек әлсіз және адасқан мәсіхшілерді ғана түсіргісі келмейді, ол рухани өсіп жатқан және көп нәрсені үйренген мәсіхшілерге де шабуыл жасайды. Мәселен, сіздің өміріңізге тәкаппарлық әсер ете алады. Өз білгенімен жүру сенушінің Киелі Рухқа бағыну ниетін басып тастай алады. Сіз басқа сенушілердің өзіңіздей шебер әрі белгілі бір тәртіп бойынша жүрмегенін көргенде сізді сын рухы билеп кетуі мүмкін.

Дәл осындай жағдайда сіз дұрыс нәрселерді үйренуге дайын болуыңыз керек. Басқа адамдардың айтқан ақылын, сынын әрі нұсқауларын қабылдауға ашық болыңыз.

Басқалардың үйреткенін ұнатпау - біздің табиғи сезіміміз. Бір адам айтқандай: “Мен үйренгенді жақсы көремін, бірақ біреудің мені үйреткенін ұнатпаймын”. Басқалардан үнемі үйреніп, оны пайдалы қолдана білу - адамның жетілгенін көрсетеді.

“Әркім тыңдауға жүйрік,
ал сөйлеуге шабан
әрі ашулануға баяу болсын.
Ашу-ызаның жетегіндегі адам
Құдайға ұнамды, әділ істерді
жасай алмайды”

- Жақып. хаты 1:19-20

1. “Үйрене білу” деген сөйлемнің бір немесе одан да көп анықтамасын өз сөзіңізбен жазыңыз. Өз ойыңызбен бірге сөздіктегі анықтамаларды да қолданыңыз.

2. Киелі жазбадан үйрене білу бөлімі жайындағы өзіңізге әсер еткен кем дегенде үш аятты жазып шығыңыз. Әр аяттың сілтемесі мен негізгі ойын жазыңыз. (Симфонияға қарап, *үйрету* және *ақыл айту* деген сөздерді де іздеуге болады).

ӨЗІҢІЗДІҢ ҮЙРЕНЕ БІЛУІҢІЗГЕ АРНАЛҒАН ТЕКСЕРУ:

1. Мен әдетте өз ойларымды ең жақсы ой деп санаймын ба?
2. Мен өзімнің қандай екенімді неғұрлым анығырақ білу үшін бірдеңе істеп жүрмін бе?
3. Шешім қабылдау алдында мен басқалардан кеңес сұраймын ба? Берілген кеңестерге көңіл аударып қараймын ба?
4. Мен Киелі кітапты не үшін зерттеймін: үйренгенімді өмірде қолдану үшін бе әлде тек мәлімет алу үшін бе?
5. Мен сұрақты терең зерттеуге бейіммін бе немесе өзім барлық жауаптарды білемін деп ойлауға бейіммін бе?
6. Жақын арада Құдай менің өмірімдегі арнайы бір қажеттілік жайында маған айтты ма? Мен осы салада бірдеңе істеп жатырмын ба?
7. Біреу маған кемшілігімді көрсетіп, ал менің оны түзетуге тырысқан жағдай жайында жақында болған мысалды есіме түсіре аламын ба?
8. Мен басқаларды тыңдай аламын ба?
9. Біреу маған кеңес бергенде мен қорғаныс қалпын ұстаймын ба? Мен өзімді ақтауға тырысамын ба?
10. Маған көмек керек болған кезде мен басқалардан көмек сұраймын ба?

6-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

- a. 21-беттегі *6-аптаның* нұсқауларын қараңыз. Елшілер. істері 24:16-аяттарды жаттаңыз.
 - ә. “Мәсіх туралы айтыңыз” деген Ә сериясының аяттарын жатқа айтуға дайындалыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
 3. *Киелі кітапты зерттеу:* “Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу” деген тараудың 1-9-сұрақтарына жауап беріңіз. (*Киелі кітапты оқудағы жетекшілік*, 69-72-беттер).
 4. *Әр түрлі жұмыстар:* *Дұғалар тізімін қалай тиімді пайдалану жайында* деген бөлімді оқып шығып, оны талқылауға дайындалыңыз (21-23-беттер).

Сабақтың жоспары:

1. “Адалдық” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз: Елшілер. істері 24:16. “Мәсіх туралы айтыңыз” деген Ә сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі* “Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу” деген 3-тараудың 1-9-сұрақтарын талқылаңыз (69-72-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. *Дұғалар тізімін қалай тиімді пайдалану жайында* деген бөлімді талқылаңыз (21-23-беттер).
7. 7-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (23-бет).
8. 7-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 6-апта

Аяттар жайында

4-ТАҚЫРЫП. АДАЛДЫҚ

Елшілер. істері 24:16 - Пауыл өз ар-ұжданының таза болуы үшін зор ұмтылыс жасап жүрді. Біз Құдаймен де, адамдармен де қарым-қатысымызда адал болсақ қана ар-ұжданымыз осындай таза болады. Өз ар-ұжданының таза болуын елемеген мәсіхші қырсыққа ұшырауы мүмкін.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Елшілер. істері 24:16-аятты жаттаңыз, ал Леуілік. 19:11-аятты мұқабаға жатталуға тиісті басқа аяттардың қасына салып қойыңыз.
2. Мына аяттарды күнделікті қайталаңыз: Ә сериясының барлық аяттарын, В сериясының соңғы бес аятын және Г сериясының алғашқы жеті аятын дәлме-дәл айтуды мақсат етіңіз.

Дұғалар тізімін қалай тиімді пайдалану жайында

Қысым жасамайтын жүйе

Істерді рет бойынша істеу сізге буып тастағандай әсер етпеуі тиіс. Керісінше, бұл сізге еркіндік беріп, қобалжудан азат етіп, бір ізді әрі жемісті өмір сүруге көмектеседі.

Біз өз ақылымызға сеніп, қандай жинақталмаған болсақ та, әрқашан Киелі Рухқа тәуелді бола береміз. Біз Құдаймен бірге жүрген болсақ, біздің өміріміз бен рухани қызметімізге жинақылық пен мұқияттылық өте жақсы әсер ететін болады. Бұл жағдай дұға етуге де қатысты.

Төмендегі кеңестер сізге дұғалар тізімімен жұмыс істеуге көмектеседі:

1. Дұғалар тізімінің құрамы мен мазмұнын мерзімді түрде қайта қарап жүріңіз. Қажетті өзгертулерді енгізіңіз.

2. Тізімге жаңа өтініштерді қосқанда маңызы жоғалған өтініштерді қажет болса алып тастай аласыз.
3. Дұғалар тізіміңіз тым ұзын болмасын, өйткені бұл тізімде жоқ жағдайлар үшін де дұға етуге уақытыңыз қалу керек. Бұлай істегеніңіз Киелі Рухтың басқа да дұға етуді талап ететін жағдайларды есіңізге түсіруіне мүмкіндік береді.
4. Адамдардың қандай жағдайлары жайында дұға етуді қалайтынын олардан сұрап жүріңіз. Сондай өтініштерді жазып алып, өзіңіздің дұғалар тізіміңіздегі жағдайлармен бірге олар жайында да дұға етіңіз. (Сіз кейбір адамдар үшін күнделікті дұға етіп жүрсеңіз, олардың жағдайларын жиі сұрап тұрыңыз).

Тізімнің үлгілері

Төменде сізге пайдалы болатын үш үлгі көрсетіледі:

1. *Күнделікті тізім.* Бұл - ең қарапайым үлгі. Әр күні дұға ететін жағдайларды бір параққа жазып жүріңіз.
 2. *Апта күндерінің парағын күнделікті тізіммен бірге қолдану.* Бұл - сіздің ең жиі қолданатын тізіміңіз болар. Бір жағдайлар үшін әр күні дұға етсеңіз, басқа жағдай үшін аптасына бір рет дұға етесіз. Мұндай тізімді жасаудың төрт қадамы бар:
 - а. ***Өтініштеріңізді жазып шығып, оларды топтарға бөліңіз.*** Алдымен үнемі дұға еткіңіз келген жағдайларды жазыңыз. Жағдайларды топтарға бөліңіз, мәселен: отбасы, туысқандар, қауым, жұмыс, Ізгі хабар тарату мүмкіндігі, рухани сәбилер, елшілер, тағы сол сияқты жағдайлар.
 - ә. ***Күнделікті өтініштерді арнайы белгілеңіз.*** Өтініштерді топтарға бөлгеннен кейін сіз күнделікті дұға еткіңіз келетін өтініштерді арнайы белгілей аласыз. Кейбір жағдайлар тұрақты күнделікті тізіміңізде болуы мүмкін. Басқа жағдайлар тізімде кейбір күндерде немесе апталарда ғана болады. Бұл кейін белгілі болатын нәрсе, ал қазір әр күні не туралы дұға ететініңізді анықтап алыңыз.
 - б. ***Қалған өтініштер тобын аптаның әр күніне бөліп қойыңыз.*** Көп жағдайда дұғалар тізімін дүйсенбіден сенбіге дейінгі уақытқа арнап жасап, қалған өтініштерді осы алты күнге бөліп жіберу ең дұрысы болып табылады. Әр күн үшін жеке тізім жасаңыз. Сіз арнайы бір өтініштер тобын арнайы күнге қоя аласыз, өйткені дұғаңызда айтылған адамдарды дәл сол күні кездестіресіз. Егер сіз сейсенбі күні Киелі кітапты зерттеу сабағын жүргізіп жүрген болсаңыз, онда сол күні тобыңыздағы адамдар үшін ерекше дұға ете аласыз. Осылай істесеңіз, дұғаларыңыз жігерлі болады.
- Өзіңіз көргендей, сіз осы әдісте жеті тізімді қолданасыз: дүйсенбіден сенбіге дейінгі әр күнге арналған тізімдер және күнделікті дұға үшін бір тізім. Мұндай жағдайда жексенбі бос қалады, бұл күні сіз өзіңіз қалаған нәреслер үшін дұға ете аласыз немесе бұл күнді бос қалдыруыңызға да болады, бірақ бұлай болса, басқа алты күн бойы ынтамен дұға етуіңізге тура келеді.
- в. ***Өзіңіздің дұға өтініштеріңізді мұқият жазыңыз.*** Енді өтініштеріңіз дайын болып, топтар мен күндерге бөлінгеннен кейін сіз ақырғы тізімдерді жасай аласыз. Тізімдер мұқият жасалған болса, оларды пайдаланудың нәтижесі де әлдеқайда жемісті болады.
3. *Апта күндерінің парағы.* Бұл үлгіде өтініштер тобы апта күндеріне бөлінеді, бірақ мұнда күнделікті тізім жасалмайды. Топтардың тақырыбын табудың бір түрі - аптадағы күннің бірінші әрпімен бірдей басталатын сөз (келесі беттегідей).

ТОПТАР

<i>Дүйсенбі</i>	даналық даңқ	Дәулет достық
<i>Сейсенбі, сәрсенбі немесе сенбі</i>	сүйіспеншілік сенім	Серік Сөз
<i>Жұма</i>	жан тыныштығы жеңіс жақсылық пен жамандық	Жеңіс (досым) жеміс (рухани)

Бұл үлгіні ұнатқан болсаңыз, оны күнделікті тізіммен үйлестіріп қолдануыңызға болады.

7-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 24-беттегі *7-аптаның* нұсқауларын қараңыз. Еврей. хат 11:6-аятты жаттаңыз.

ә. Ә сериясының аяттарын жатқа айтуға дайындалыңыз.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапті зерттеу:* 3-тараудың 10-18-сұрақтарына жауап беріп, оның *қорытындысын* жасаңыз (*Киелі кітапты оқудағы жетекшілік*, 72-75-беттер).

4. *Әр түрлі жұмыстар:* Дұғалар тізімін дайындап, оны келесі сабаққа алып келіңіз. (Осы оқулықтың соңындағы дұғалар парағының біреуін қолданыңыз).

7-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Сенім” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Еврей. хат 11:6. Ә сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Топ мүшелерінің дұғалар тізімдерін олармен бірге талқылаңыз.
5. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі* “Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу” деген 3-тараудың 10-18-сұрақтары мен *қорытындысын* талқылаңыз (72-75-беттер).
6. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
7. 8-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (24-бет).
8. 8-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 7-апта

Аяттар жайында:

5-ТАҚЫРЫП. СЕНИМ

Еврей. хат 11:6 - Бұл аятта айтылатыны мынау: сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға ең ұнамдысы - сенім болғандықтан біз үнемі “көргенімізбен емес, сенімімізбен” өмір сүруіміз керек (Қорынт. 2-хаты 5:7).

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Осы аптада Еврей. хат 11:6-аятты жаттаңыз.
2. Мына аяттарды күнделікті қайталаңыз: Б сериясының барлық аяттарын, В сериясының соңғы төрт аятын және Г сериясының алғашқы сегіз аятын.
3. Қайталау дағдыларыңызды жетілдіруді жалғастыра беріңіз. Осы курста сізге *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын жатқа айту керек болады.

8-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

- а. 25-беттегі *8-аптаның* нұсқауларын қараңыз. Рим. хат 4:20-21-аяттарды жаттаңыз.
 - ә. Б сериясының аяттарын жатқа айтуға дайындалыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
 3. *Киелі кітапты зерттеу:* 4-тараудың 1-9-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 76-78-беттер).
 4. *Басқа да жұмыстар:* 3-курс оқулығының 7, 10-14 және 65-беттердегі ойланып толғану жайындағы құжаттарды қайталаңыз. Бұдан кейін осы курстың 26-27-беттеріндегі тапсырмаларды орындап, пікір алысуға дайын болыңыз.

8-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Сенім” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз. Рим. хат 4:20-21. Сонымен бірге *Құдайға сенім артыңыз* деген Б сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. 26-27-беттердегі ойланып-толғануға арналған тапсырманы талқылаңыз.
5. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі* “Істі жалғастыра беру” деген 4-тараудың 1-9-сұрақтарын талқылаңыз (76-78-беттер).
6. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
7. 9-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (28-бет).
8. 9-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 8-апта

Аяттар жайында

5-ТАҚЫРЫП. СЕНІМ

Рим. хат 4:20-21 - Ыбырайымның өмірінен оның сенімі арқылы Құдай алдында ақталғандығын көре аламыз. Ыбырайым Құдай өз уәдесін әрқашан орындайтынына қалтықсыз сенгендіктен сенімнің атасы болып аталды. Ол Құдайдың қолынан келмейтін еш нәрсе жоқ екенін дәлелдеді. Біз Құдайдың сөзіне нық сеніп, Оның уәделеріне үміт артып, Оның біздің өмірімізде жұмыс істеп жатқанын көрсек, біздің сеніміміз де күшейе түсетін болады.

Сіздің апталық жоспарыңыз

Аяттарды әдеттегі ретпен үйрене беріңіз. Рим. хат 4:20-21-аяттарды жаттаңыз. Б сериясының барлық аяттарын, В сериясының соңғы үш аятын және Г сериясының алғашқы тоғыз аятын әр күні қайталаңыз.

Ойланып-толғануды әдетке айналдыру

Әдет - жалықтыратын іс-әрекет емес. Басқаларға Мәсіх туралы қуанышпен айтуды әдетке айналдыруға болады. Құдаймен бірге болатын уақытты шаттықпен өткізу әдетін жетілдіруге болады.

Үнемі Құдаймен байланыста болудың үлгісін біз Даниялдың өмірінен көре аламыз. Даниял 6:10-аятта жазылғандай, қиыншылық болған кезде ол пайғамбар “күніне үш рет тізе бүге дұға етіп, өзінің Құдайын мадақтады, ол бұрын да дәл осылай істеп жүрген”.

3-курс оқулығының 10-14-беттеріндегі мәліметті қайта оқып, төмендегі ойланып-толғануға арналған тапсырмаларды орындаңыз. Осы ойланып-толғану әдістерін қайта-қайта қолданатын болсаңыз, олар пайдалы әдеттерге айналады.

1. *Өз сөзіңізбен жазыңыз.* Ғалат. хат 6:9-10-аяттарды оқып, осы үзіндіні өз сөзіңізбен жазыңыз:

“Жақсылық жасаудан талмайық! Себебі бұдан шаршап, бас тартпасақ, тиісті уақытта оның игілікті өнімін Құдайдан қабылдайтын боламыз. Сондықтан мүмкіндік барда барлық адамдарға, әсіресе сенімі бір бауырластарымызға, жақсылық істей берейік!”

2. *Аят немесе үзінді жайында өзіңізге сұрақ қойыңыз.*

Жохан 13:34-35-аяттарды оқып, осы үзінді жайында ойыңызға келген сұрақтарды жазыңыз.

“Сендерге бір жаңа өсиет айтамын: бірінді бірін жақсы көріңдер! Мен өздерінді сүйгендей, сендер де бір-бірінді сүйіңдер! Менің шәкірттерім екендіктеріңді елдің бәрі өзара сүйіспеншіліктеріңден білетін болады”.

3. *Осы үзінді немесе ондағы аят жайында дұға етіңіз.* Матай 28:18-20-аяттарды оқығанда келген қызық әрі маңызды ойларыңызды жазыңыз.

4. *Жеке сөздер мен сөйлемдерге ерекше назар аударыңыз.* Філіпі. хат 2:3-4-аяттардағы жеке сөздерге ерекше назар аударып, осы әдіс арқылы қандай жаңа нәрселер үйренгеніңіз туралы жазыңыз.

5. *Ұқсас сілтемелерді табыңыз.* Киелі жазбаның қанадай үзінділерінде Ишя 26:3-аяттағы нәрселермен бірдей жағдайлар жайында айтылады?

Сілтеме _____ Ой _____

Сілтеме _____ Ой _____

Сілтеме _____ Ой _____

6. *Аятты немесе үзіндіні өз өміріңізбен байланыстыруға тырысыңыз.* Қорынт. 1-хат 15:58-аятты өзіңіздің өміріңіздегі жағдайлармен қалай байланыстыруға болады?

9-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 29-беттегі 9-аптаның нұсқауларын қараңыз. Ғалат. хат 6:9-10-аяттарды жаттаңыз.

ә. Б сериясының аяттарын жатқа айтуға дайындалыңыз.

б. Тақырып бойынша жаттау жүйесінің барлық алпыс аятын сілтемелерімен және тақырыптарымен қоса бір отырғанда жатқа айтып беру 6-курстың талаптарының бірі болып табылады. Сіз аяттарды біреуге жатқа айтып, оларды дұрыс үйренгеніңізді тексертуіңіз керек. Осы тапсырманы орындауға арналған нұсқауларды сіз 30-беттен табасыз. Бұл жұмысты сабақтан тыс уақытта істеуіңіз керек.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:* 4-тараудың 10-19- сұрақтарына жауап беріп, оның қорытындысын жасаңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 78-81-беттер).

9-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Игі істер” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Ғалат. хат 6:9-10. Б сериясының аяттарын жатқа айтыңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі* “Істі жалғастыра беріңіз” деген 4-тараудың 10-19-сұрақтары мен оның *қорытындысын* талқылаңыз (78-81-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 10-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (30-бет).
7. 10-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 9-апта

Аяттар жайында

6-ТАҚЫРЫП. ИГІ ІСТЕР

Ефес. хат 2:8-9 - аяттарда Пауыл біздің игі істер арқылы құтқарыла алмайтынымызды айтады. Алайда осы тараудың 10-аятында ол игі істердің маңызды екені жайында былай дейді: “Біз Иса Мәсіхпен жүріп, игі істер жасау үшін жаратылдық; осыны орындауымызға Құдай алдын ала жағдай туғызды” (Ефес. хат 2:10). Бізді тек сенім ғана құтқара алады, бірақ сенім ешқашан жалғыз болмайды. Игі істер - Мәсіхке шынайы сенудің нәтижесі болып табылады.

Ғалат. хат 6:9-10 - Біз басқаларға жақсылық істеу үшін әр мүмкіндікті қолдануымыз керек. Мұны әсіресе сеніміміз бір бауырластарға істеуге тиістіміз.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Осы курстың соңғы екі аятын мұқабадағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз: Ғалат. хат 6:9-10 және Матай 5:16. Осы аптада Ғалат. хат 6:9-10-аяттарды жаттаңыз.
2. В сериясының барлық аяттарын күнделікті қайталап жүру үшін мұқабаға, Г сериясының жатталған он аятын жанына салып қойыңыз.
3. Осы аптада үш күнді таңдап, А, Ә және Б серияларының аяттарын қайталаңыз (әр күні бір сериядан).

“Біз Иса Мәсіхпен жүріп, игі істер жасау үшін жаратылдық; осыны орындауымызға Құдай алдын ала жағдай туғызды”.

- Ефес. хат 2:10

Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі барлық 60 аятты қайталап жатқа айту жайында

1. Жеке параққа жатқа білгеніңіз бойынша *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* жоспарын жасаңыз. Бес сериясының, әр сериядағы алты тақырыптың және әр тақырыптағы екі аяттың аттарын жазыңыз.
2. Жасаған жоспарыңыз бойынша аяттарды дауыстап жатқа айтыңыз.
3. Дұрыс жаттағаныңызды тексеру үшін аяттарды біреуге айтып беріңіз. Тексеретін адам сізді аяттар жазылған түбіртектерге қарап отырып тыңдасын.
4. Аятты айтқанда қате жіберсеңіз, оны дәлме-дәл айтқанша жаттыға беріңіз.
5. Осы тапсырма бір отырғанда орындалуға тиіс. Егер сіз аяттарды жақсы білсеңіз, мұны орындауға отыз минөттей уақыт керек болады.
6. Осы тапсырманы орындамай тұрып Құдайдан көмек сұрап дұға етіңіз.

10-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

- a. 31-беттегі *10-аптаның* нұсқауларын оқып, талдаңыз. Матай 5:16-аятты жаттаңыз.
- ә. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық 60 аятын бірден жатқа айтып беруге дайындалып келіңіз (тақырыптармен және сілтемелермен бірге).
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
 3. *Киелі кітапты зерттеу:* келесі аптаға тапсырма берілмейді.
 4. *Әр түрлі жұмыстар:* 32-33-беттердегі *Киелі кітаппен танысу сабақтарын пайдалану жайында* деген бөлімді және 33-40-беттердегі *Киелі кітаппен танысу сабақтарын жүргізудің бес қадамы* деген бөлімді қарап шығыңыз.

10-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. “Игі істер” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз: Матай 5:16.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітаппен танысу сабақтарын пайдалану жайында* деген бөлімді талқылаңыз (32-33-беттер).
5. *Киелі кітаппен танысу сабақтарын жүргізудің бес қадамы* деген бөлімді талқылаңыз (33-40-беттер).
6. *Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын құжаттар* деген бөлімді (40-43-беттер) және *Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын жоспар* деген бөлімді (44-бет) қарап шығыңыз.
7. 11-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (45-бет).
8. 11-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 10-апта

Аяттар жайында

Сіз *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* соңғы аятын жаттамақсыз. Осы курсты бітіруіңізбен құттықтаймыз! Сіздің Құдаймен бірге жүріп жетілуіңізге осы аяттардың қандай маңызды болғанын ұмытпаңыз.

6-ТАҚЫРЫП. ИГІ ІСТЕР

Матай 5:16 - Иса біздің игі істеріміздің қара түнекте жарқыраған нұр тәрізді екенін айтты. Ал Жақып біздің өз сенімімізді істеріміз арқылы дәлелдейтініміз жайында жазған: “Ендеше, сенім игі іс-әрекет тудырмаса, ол өлі сенім” (Жақып. хат 2:17).

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Матай 5:16-аятты жаттаңыз.
2. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын, сондай-ақ олардың сілтемелерін және тақырыптарын қайталаңыз. Оларды бір отырғанда айтып беруге дайындалыңыз.
3. Аяттарды жаттауды қалай жалғастыра беретініңіз жайында ойланыңыз. Сіз аяттарды өзіңіз таңдай аласыз немесе аяттарды жаттауға арналған жаңа курсқа бара аласыз.

“Балам, есінде ұста сөздерімді,
Ұдайы сақтап жүр өсиеттерімді!
Көз қарашығындай сақтасаң тәлімдерімді,
Сонда ие боласың шынайы өмірге.
Саусағыңа байлап алғандай,
Жатап алып, жүрегіңе жазып қой”.

-Нақыл сөз.7:1-3

Киелі кітаппен танысу сабақтарын пайдалану жайында

1-БӨЛІМ - КИЕЛІ КІТАППЕН ТАНЫСУ

(Бұл бөлімді сабақты жүргізушімен бірге істеу керек).

А. Табысқа жету үшін сіз толықтай Құдайға тәуелді болуыңыз керек.

Сілтеме _____ Ой _____

Сілтеме _____ Ой _____

Сілтеме _____ Ой _____

Сілтеме _____ Ой _____

Ә. Қандай артықшылықтар мен кемшіліктеріміз болмасын, біз Ізгі хабарды анық әрі түсінікті түрде жеткізе білуіміз керек.

Б. Топтардағы Киелі кітаппен танысу сабақтары қалай өтетіні жайында мысалдар келтіріңіз:

2-БӨЛІМ - КИЕЛІ КІТАППЕН ТАНЫСУ САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ БЕС ҚАДАМЫ (ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМАСЫ)

1-қадам: Жақындау

Сіз сенбеуші адамдармен қарым-қатынаста болуға тиістісіз. Олармен араласыңыз. Өзіңіз бірге жүрген адамдар мен оларға деген ниетіңіз - сіздің Ізгі хабарды тарату барысында табысты болуыңыздың негіздері.

2-қадам: Шақыру

Сенбеуші адамдарды Киелі кітаппен танысу сабақтарына шақыру көптеген мәсіхшілер үшін ең абыржытатын жағдай болып табылады. Бірақ мұны сыпайылықпен істеп, сенбеуші достарыңызды көндіре білуді үйренсеңіз, бұл сізге үлкен жігер береді.

3-қадам: Сабақтың ретімен танысу

Киелі кітаппен танысу тобының мүшелері сабақтың қалай өтетінін және өздеріне қандай талаптар қойылатынын білуі тиіс. Сабақ жайындағы жағдайларды осындай адамдарға анықтап түсіндіргеніңіз оларды белсенді етіп, сабақтағы жұмыстарға қызықтырады.

4-қадам: Пікір алысу және ойлану

Киелі кітаптағы құжаттарды топпен бірге талқылаған кезде топ жүргізушісі тек сыналған әдістерді қолдануы тиіс. Сондай-ақ, ол Киелі Рухтан ақыл сұрап, топтағы адамдарға Оның шындығының жетуі үшін Құдайға олар үшін дұға етуі керек. Жүргізушінің өз міндеттеріне мұқият болуы талап етіледі.

5-қадам: Байсалды сөйлесу

Сенбеуші адамдарға Мәсіхті қабылдауға мүмкіндік беру керек. Олардың Мәсіхті қабылдауға сізден көмек сұрайтынын күтпей-ақ, өзіңіз ынта көрсетіп олармен жылы, бірақ ашық сөйлесіңіз. Олардың нені таңдайтыны және сол таңдаудан кейін қандай игілікке ие болатыны жайында әңгімелесіңіз.

3-БӨЛІМ - ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕР

1. Сіз жүргізуші болсаңыз да, баршамен бірге үйреніп, оларға лекция оқитын адам емес екендігіңізге топ мүшелерінің назарын аударғаныңыз маңызды болады.
2. Өзіңізді еркін ұстап адамдарға жылы жүзбен қарау.
3. Еркін және ашық қалып жасауға тырысыңыз. Әр адам өз ойын ашық айта алатын болсын және өзінің топта берген жауаптары сізбен болатын қарым-қатынасына зиян келтіреді деп қорықпасын.
4. Әр адамды қандай болса, сол күйінде қабылдаңыз.
5. Жүргізуші ретінде әдептілік пен сыпайылық көрсетіңіз. Топ мүшелері сізден басқаруды күтеді, сонымен оларды қамтамасыз етіңіз. Алайда өктемдік көрсетуден сақ болыңыз.
6. Топ мүшелерінің осы сабақтарға бір арнайы мерзім бойы қатысуға келіскені маңызды болады. Әдетте, олардан алдымен алты сабаққа келуін сұраған жеткілікті болар.

Киелі кітаппен танысу сабақтарын жүргізудің бес қадамы

1-ҚАДАМ: ЖАҚЫНДАУ

1. Сізбен жақсы араласатын адамдарды тартуға тырысыңыз.
2. Өзіңізбен тілектері бір адамдарды табуға тырысыңыз.
3. Жиі жағдайда адамдар сіздің сенуші екеніңізді білгеннен кейін сізбен осы туралы әңгімелескісі келетін болады. Дәл сол кезде тек кейбір рухани жағдайларды ғана талқылап, адамдарды ары қарай толығырақ пікір алысуға ынталандыру керек.
4. Сабаққа қатысқан адамдарды бірден тәрбиелеуге тырыспаңыз. Олардың әдеттері мен өмірін өзгерту сіздің міндетіңіз емес. Олар алдымен Ізгі хабарды түсінуі керек.
5. Адамдарды сабаққа шақырғанда оларды ынталандыру үшін төменде келтірілген дәлелдерді айта кетіңіз:
 - а. Бұл сабақтар неке мен отбасының бірлігін нығайтады.
 - ә. Сіз “діни фанатик” емес, қәдімгі адамсыз.
 - б. Құдайға сену тиімді әрі пайдалы бола алады.

- в. Киелі кітапта ойландыратын қызық нәрселер жайында көп айтылады, әсіресе қазіргі таңда олардың маңызы зор.
- г. Адам Құдай туралы және Оның қандай екенін танып біле алады.
- д. Киелі кітаптағы ақиқаттарды күнделікті өмірде басшылыққа алуға болады.
- 6. Сабаққа келгісі келетіндей болып көрінген адамға бөгет жасамаңыз. Осындай адамның өміріне шын көңілмен қызығушылық білдіріңіз.
- 7. Адамдармен рухани тақырыпта әңгімелесудің бірнеше дәрежесін ұсынуға болады:
 - а. Адамдардың ойлары мен мәселелерін тыңдаңыз.
 - ә. Адамдардың мәселелерін тыңдап, осыны олармен бірге талқылаңыз.
 - б. Адамдардың мәселелерін тыңдап, осыны олармен бірге талқылап, Киелі кітаптан әңгімелеріңізге қатысты үзінділер келтіріңіз.
 - в. Уақыттың жартысын мәселелерді талқылауға, ал екінші жартысын Киелі кітапты талдауға жұмсаңыз.
 - г. Әңгімелеріңіздің басты тақырыбы Киелі кітап болсын.

2-ҚАДАМ: ШАҚЫРЫУ

Бұл қадамда батылдық қажет болады, өйткені сіз өзіңіз араласып жүрген адамдарды Киелі кітаппен танысу сабағына қатысуға шақырасыз. Осыны істеуге пайдалы ұсыныстар төменде келтірілген:

1. Араларында ұқсастық бар адамдарды бір топқа жинағаныңыз жөн болар. Ешкімнің бір-бірінен қысылмай, өздерін жайлы сезіну керектігі есіңізде болсын. Топтың ең жақсы көлемі – үш немесе төрт ерлі-зайыптылар жұбынан (я болмаса алты немесе сегіз бойдақ адамнан) тұрсын.
2. Құдайға жақында келген сенушілердің достары осындай топқа кіретін ең жақсы үміткерлер бола алады.
3. Адамдарды сабаққа шақырмай тұрып оның табысты болуы үшін бірнеше күн дұға етіңіз.
4. Ерлі-зайыптыларды шақырғанда оларды күйеу мен әйелінің көзінше бірдей шақырыңыз.
5. Біреуді осындай сабаққа шақырудың ең дұрыс мезгіл – демалысты бірге өткізген күн. Жақсы сәтті таба білу керек: біреуді сабаққа шақырғыңыз келсе, мұны ойнап-күліп отырған кезде немесе әзілдесіп көңіл көтергеннен кейін істегеніңіз жөн болар.
6. Адамдарға олардың тек алты сабаққа келуге тиіс екенін айтыңыз. Сабақты уақытымен бастап, уақытымен бітіру үшін дәйектілік керек болатынын да ақырындап ескертіп қоя аласыз.
7. Адамдардың “иә” немесе “жоқ” деп дереу жауап беруін күтпей-ақ қойыңыз. Олардан осы жайында ойланып, жауапты кейін беруін өтініңіз. Содан соң олар үшін бірнеше күн дұға етіңіз. Олармен жақсы қарым-қатынаста болып, оларға тым қатал көрінуден аулақ болыңыз.
8. Жиналыстың бір сағатқа созылып, соңынан шәй болатынын ескертіп қойыңыз.
9. Адамдарды шақырғанда оларға сабақта талқыланатын құжаттарды көрсету кейде пайдалы болады. Оларға сабақта не болатыны жайында жалпы түсінік беру үшін тек жеткілікті нәрселерді ғана көрсетіңіз. Олардан Киелі кітапты өздерімен бірге алып келуін өтініңіз.
10. Келетіндерге сабақта басқа да адамдардың болатынын айтыңыз. Өздерінен басқа адамдардың болатынын білсе, олар ыңғайсызданбай келе алады. Келген бір-екі адам сізбен дос болса, олармен сабақты өте жақсы ұйымдастырып өткізуге болады. Алайда үлкен топтағы сабақтар қызығырақ өтеді.
11. Ең дұрысы сабақтарды әр топ мүшелерінің үйлерінде өткізу. Бұл әркімге сабақтарды өткізу жұмысының жауапкершілігін тең бөлісуге мүмкіндік береді.

12. Бірінші сабақты өйтпегенде келе алмайтын болып көрінген адамның үйінде өткізген дұрыс болатын шығар. Мұның басқа жолы - балаларына қарау қажет болғандықтан үйінен шыға алмайтын адамдардың үйінде кездесу. Егер сабақ кешкі сағат 8:00 немесе 8:30-да басталса, балаларды осы уақытқа дейін ұйықтатуға болады. (Балаларды жеке бөлмеде де ұстауға болады, оларға сабақ болып жатқан бөлмеге кіріп-шығып жүруге мүмкіндік бермеңіз, өйткені бұл адамдарды қатты алаңдатады).

13. Осындай сабақта екі мәсіхшіден көп болмау керек. Сонымен бірге, олар, әрине, топ мүшелерінің өз ойларын білдіруіне бөгет жасамауы керек. Сондай-ақ, олар сенбеушілердің әдеттен тыс сұрақтары мен ойларына қатты таңғалып, сын айтпайтын болуы тиіс.

3-ҚАДАМ: САБАҚТЫҢ РЕТІМЕН ТАНЫСУ

1. Бірінші кездесу сабақтың ретімен танысуға арналады. Бұл сабақта қатысушылар өздерінің не істейтіні жайында хабардар болып, барлық сабақтарға қатысуға ынталы болады.

2. Топтағы кейбір адамдар сізге бейтаныс болатын достарын ертіп келуі мүмкін. Олармен жақынырақ танысып алыңыз, ең болмағанда есімдерін біліп алыңыз.

3. Кездесетін жеріңіз мүмкіндігінше жарық, таза және ыңғайлы болсын. Алғашқы кездесудің басты мақсаты - топта жағымды әрі еркін жағдай жасау.

4. Әр сабақ бір сағат болсын. Одан ары созылып кетсе, топтың ынтасы азаюы мүмкін.

5. Кездесудің басында әркім өзі туралы айтып берсін: аты-жөні, қай жерде туып-өскені және қазір не істетіні жайында. Топта еркіндік болса, әр адамда қалаған сұрақтарын қоюға мүмкіндік болады. Жүргізуші ретінде бірінші өзіңіз бастаңыз (бұл қатысушыларға не айту керек екені жайында түсінік береді).

6. Керек бөлімдер мен үзінділерді Киелі кітаптан қалай табуды топ мүшелеріне көрсетіңіз. (Қолыңызда бірнеше Киелі кітаптың болғаны да дұрыс, өйткені кейбіреулер оны ұмытса, басқаларында ол мүлде жоқ болуы мүмкін). Оларға Киелі кітаптың мазмұнын көрсетіп, Көне келісім мен Жаңа келісімнің қай жерде орналасқанын және қандай кітаптардан тұратынын түсіндіріңіз.

7. Топ мүшелеріне үзінділерді сілтемелер арқылы табуды үйретіңіз. Осыны бірінші сұрақты талқылаған кезде істеңіз. Сабақта қаралатын құжаттардың көшірмелерін үлестіріп, олар бойынша бірге жұмыс істеңіз.

8. Топ мүшелеріне сабақтағы құжаттар бойынша жұмыс істеуге арналған мына қосымша нұсқауларды беріңіз.

а. “Түсініксіз болған сұрақтарды қоя тұрыңыз. Біз оларға келесі сабақта бірге жауап береміз”.

ә. “Әркім өз тапсырмасын өзі орындасын. Ерлі-зайыптылар бір парақты бірге қолданбасын”. (Әркімнің өз жұмысын өз бетімен істегені ол үшін пайдалы болады).

б. “Біз бірге үйрену үшін кездесеміз. Ақымақ сұрақ немесе ақымақ пікір деген нәрсе болмайды”.

в. “Біз жұмысымыздың екі негізін қабылдауға тиіспіз: (1) Құдай бар, (2) Киелі кітап - біздің сабақта қолданылатын мәліметтің беделді көзі”.

г. “Сабақтың біреуін де жібермегеніңіз дұрыс болады. Олардың саны көп емес сияқты, сондықтан сіздің әр сабаққа қатысқаныңыз дұрыс. Ешкім сабақтан қалмаса, болып жатқан әр жағдайды бәрі біліп жүреді, сондықтан пікір алысу үнемі қызу өтетін болады”.

9. Енді сіз Киелі кітаппен танысу сабағының кіріспесіндегі алғашқы алты сұрақ бойынша жұмыс істей аласыз. Уақытыңыз артылып жатса, бұдан да көп жұмыс істей аласыз. Сұраққа жауап беру үшін барлығыңызға тиісті сілтемені табу керек. Барлығыңызға ойлануға уақыт беріледі, одан кейін әркім өз жауабын арнайы бос жолдарға жазсын. Осылай сұрақтан сұраққа көше отырып, ары қарай жалғастыра беріңіз.

10. Сізде қарапайым тілде жазылған апологетикалық, яғни мәсіхшілікті растап қорғайтын әдеби құжаттар болса, оларды керек десеніз, бірінші сабақта қолдануыңызға болады.

11. Осы сабақтың басынан аяғына дейін сыпайы әрі достық қалыпты сақтауға тырысыңыз. Әдетте мұндай сабақтан кейін шай ішіп, Киелі кітапты талқылаудан басқа бір тақырыпта (егер біреу әңгімені рухани тақырыпқа бұрмаса) әңгімелескен дұрыс. Осы уақытты арнайы бір бағытта ұстауға тырыспай, жеке жағдайлар жайында әңгімелесуге және достасуға жұмсаған жөн болар. Адамдар тарап жатқан кезде өзіңіздің олармен кездескеніңізге риза болғаныңыз жайында айтыңыз. Сондай-ақ, келесі кездесуді асыға күтетініңізді де айтып, оның қашан және қай жерде болатынын ескертіп қойыңыз.

4-ҚАДАМ: ПІКІР АЛЫСУ МЕН ОЙЛАНУ

1. Топ мүшелері сабақтың ретімен бірінші кездескенде танысады. Одан кейін тағы бес сабақ болады, олардың мақсаты - қатысушыларға Ізгі хабардың негіздерін түсіндіру.

2. Есіңізде болсын, ең дұрысы - осындай сабақтарды үйде өткізу, өйткені сенбеуші адамдар кейде қауымда өздерін ыңғайсыз сезінуі мүмкін.

3. Әр сабақтың алдында топ мүшелеріне сәлемдесуге, әңгімелесуге және жақынырақ танысуға уақыт беріңіз. Сабақ басталғанша ақырындатып баяу ән ойнатып қоюға болады. Кездесудің осы мезгілін еркін әрі достық қалыпта өткізіңіз. Бұған 15 минуттей уақыт бөліңіз.

4. Сабақты ерлі-зайыптылар бірге жүргізгенде, күйеу бөлменің бір жағында, ал әйел басқа жағында отырса, бұл пайдалы болады. Адамдар әдетте сабақты жүргізіп отырған күйеуге қарап отырғандықтан, әйел олардың әсерлерін байқап отыра алады. Сабақтан кейін ол күйеуіне адамдардың әсерлері жайында айтып, сабаққа баға беруге көмектесе алады. (Алайда, жеке отырғандарыңыз адамдарға оғаш көрінеді деп ойласаңыз, бірге отырғаныңыз дұрыс болар).

5. Ары қарай жүргізуші топ мүшелерінің осы аптадағы тапсырманы қаншалықты жақсы орындағанын анықтауы керек. Киелі кітаптары жоқ адамдар үшін оның бірнеше данасын ұстап отырыңыз. Сондай-ақ, оқылатын құжаттардың қосымша көшірмелері де керек болуы мүмкін.

6. Енді жүргізуші сабаққа дайындалған құжаттарды талқылауды ұйымдастыра бастау керек.

а. Топ мүшелеріне түсінуге қиын сөздердің анықтамасын беруге дайын болыңыз.

ә. Топ мүшелеріне ақылсыз сұрақтар мен ақылсыз пікір деген нәрсе болмайтынын айтыңыз. Олардың әрқашан өз сұрақтары мен ойларын ашық айта алатынын ескертіңіз.

б. Егер топ жалпы түрде дайын болмаса, мына баптардың біреуін қолданып көріңіз.

(1) Бір-бір сұрақтан талдап, топпен бірге жұмыс істеңіз.

(2) Әр қатысушыға бір тараудың барлық сұрақтарын жазғызып, осы тарауды топпен бірге талқылаңыз.

(3) Топпен бірге тек кейбір сұрақтарға ғана жауап беріңіз. Қалған сұрақтармен топ мүшелері үйде жұмыс істей алады. Төмендегі сұрақтарды - бетте көрсетілген құжаттарды талдау үшін қолдануға болады.

(а) “Иса Мәсіхтің туылуы” - 1, 2, 3, 7, 9, 11, 15 және 16-сұрақтар.

(ә) “Иса Мәсіх Кім?” - 2, 4, 7, 8, 10, 13, 14, 17, 18 және 21-сұрақтар.

(б) “Иса Мәсіхтің қызметі” - 1, 3, 4, 5, 6, 7, 10, 12, 16, 17 және 20-сұрақтар.

(в) “Иса Мәсіхтегі мәңгілік өмір” - 1, 3, 7, 9, 11, 12, 14, 18, 19 және 20-сұрақтар.

(4) Топ мүшелеріне бірнеше бөлімді өз бетімен орындатып, кейін оларды топпен бірге талқылаңыз.

(5) Топтың әр мүшесіне арнайы сұрақтар беріңіз. Олар осы тапсырманы үндемей, өз бетімен орындасын. Кейін әр сұрақты топпен бірге талқылаңыз.

в. Топ сабаққа *дайын* болса, барлық сұрақтарды жеке талқылаңыз.

(1) Кейбір сұрақтарға тілек білдірушілерден жауап беруді өтінісіңіз, басқа сұрақтарға топ мүшелерінің әрқайсысына жауап беруге мүмкіндік беріңіз.

(2) Сабаққа бірнеше түсіндірме-сұрақ дайындаңыз.

(3) Оқушыларыңыз жақсы еңбектенсе, оларды мақтап қойыңыз.

(4) Әркімге талқыланған тақырып жайында өз ойын еркін білдіруге және түсінбеген әрі күмәндандыратын жағдайларды анықтауға мүмкіндік беру үшін топта ыңғайлы қалып жасауға тырысыңыз.

Еркін және ашық қалып жасаудың мынандай жолдары бар:

* қандай сұрақ қойылса да, оны сыйластықпен қабылдау.

* өз қатеңізді, сондай-ақ бір жағдайды дұрыс түсінбегеніңізді мойындауға әзір болу.

* топ мүшелерінің кейбір сөздері мен әрекеттерін өзіңізге қауып ретінде қабылдамау.

* әркімнің пікір алысуға қатысқанына риза екеніңізді көрсету.

* олармен еркін және қарапайым сөйлесу.

* өзіңіздің бұрын болған сәтсіздіктеріңіз жайында айтуға қорықпау.

* топ мүшелерін олардың өмірлерінің әр түрлі аймақтарындағы дарындары мен жетістіктері үшін мақтау. (Егер олар өмірлерінің кейбір аймақтарында табысты болғанына көз жеткізе алса, онда басқа аймақтарындағы осал жағдайлар жайында ашық сөйлесе алатын болар).

* олардың жауаптары мен ойларын жақсырақ түсіну үшін қосымша сұрақтар қою.

* күлімсіреп отыру.

* әр сұраққа өзіңіз жауап беруге міндеттімін деп ойламау. Мүмкіндігінше топ мүшелеріне көбірек сұрақтарға жауап бергізу керек.

* топта еркін қалыптың болуы үшін дұға ету.

(5) Сіздің басты мақсатыңыз - әркімді мәсіхшіге айналдыру емес, талқыланған тақырыптың топ мүшелерінің әрқайсысына түсінікті болғанына көз жеткізу. Осындай тақырып жайында Киелі кітапта не айтылғаны туралы оқушылардың әрқайсысы білуі керек.

5-ҚАДАМ: БАЙСАЛДЫ СӨЙЛЕСУ

Егер сіз Ізгі хабарды топ мүшелеріне анық түрде жеткізіп, сабақта еркін әрі ашық қалып орнатып, әр адамға өзіңіздің оның досы екеніңізді көрсеткен болсаңыз, олардың Мәсіхті қабылдауы зорланып шыққан жағымсыз әрекетке айналмайтын болады. Бұл - кәдімгідей әрі еркін өтеді.

Мәсіхшілердің көпшілігі сенбеушілермен Ізгі хабар жайында сөйлескенде біраз абыржуы, тіпті қорқуы мүмкін. Сізде осындай сезімдер бар болса, мұның кәдімгі нәрсе екенін білетін болыңыз.

Мұндай байсалды сөйлесуді осы сабақтардың ең соңғысында немесе кейін оңаша түрде өткізуге болады. Егер топтағы әркім Мәсіхті қабылдауға дайын деп ойласаңыз, барлық топпен сөйлескеніңіз жөн болар. Егер біреулері дайын, ал басқалары дайын емес болса, онда сіз дайын адамдармен жеке кездесіп, оларға Мәсіхті қабылдауға мүмкіндік беруіңіз керек.

Топ мүшелерімен соңғы сабақта Мәсіхті қабылдау жайында сөйлесу туралы шешімді қабылдамаған болсаңыз, осы сабақтың басында осыны анықтауға көмектесетін мынандай сұрақтарды қоя аласыз: “Осы сабақтарда үйренгенімізден қандай әсер алдыңыздар? Бұл қызық болды ма? Бұл сіздерге пайдалы болды ма? Сіздер не ойлайсыздар?”

Әркім қысылмай өз ойын білдірсін. Бұл сізге әркімнің Мәсіхті қабылдауға қаншалықты дайын екенін түсінуге көмектеседі. Сіз біреудің Ізгі хабарды әлі де түсінбегенін көре аласыз. Сондай-ақ, басқа біреудің өз бетімен Мәсіхке келгенін де көруіңіз мүмкін.

Топпен сөйлесу

Егер сіз топтағы барлық адаммен сөйлесуге шешім қабылдасаңыз, былай айта аласыз: “Өз ойларыңызды бөліскендеріңіз үшін көп рақмет. Осы кездесулеріміз өте пайдалы болды ғой деймін. Жолдасым екеуімізге сіздермен бірге уақыт өткізу сондай қуаныш болды. Қоштасар алдында біз бірге дұға етсек қалай болады?” Осындай сабақтарға қатысқан біреу сізге келіп: “Мен мәңгілік өмірге ие болғаныма сенімді болғым келеді. Мен шынайы сенуші екеніме сенімді болғым келеді. Менің не істеуім керек?” - деп айтса, не істейсіз? Сіз осы адамға дұға етуге және Мәсіхті өз жүрегіне шақыруға көмектесуіңіз керек. Мұны қалай істейсіз? Қазір біз осындай адамға қалай көмектесу керек екенін көрейік.

Бір-екі минуттан кейін біз дауыстап дұға етеміз. Мен бір-бір сөйлемнен айтамын, ал сіз қайталап отырыңыз. Араларыңыздағы кейбіреулер Мәсіхті қабылдағанына және мәңгілік өмірге ие болғанына сенімді шығар. Басқаларыңыз да осылай ойлағанымен, мүмкін, толық сенімді емес шығарсыздар. Ал кейбіреулеріңіз Мәсіхті ешқашан қабылдамағаныңызды анық біліп, Оған қазір тәубеге келгіңіз келетін шығар. Сіз осы түрлердің қандайына жатсаңыз да, қазір шын жүректен дұға ете аласыз.

Сонымен, сіз біреуге Мәсіхті қабылдауға көмектескіңіз келсе, алдымен сол адаммен не жайында сөйлесесіз? Сізге оның сабақта оқылған Ізгі хабардағы басты негіздерді түсінетініне және оларға сенетініне көз жеткізу керек:

- * Біз барлығымыз күнә жасап, Құдайдан ажыратылдық.
- * Күнәларымыз үшін берілетін жаза - мәңгілік өмір.
- * Бізді осы жазадан азат ету үшін Мәсіх Өз жанын құрбан етті.
- * Біз Мәсіхтен өзіміздің өмірімізге кіруін жеке түрде өтініп, Оның бізге сыйлағысы келетін мәңгілік өмірін қабылдауымыз керек.

Осы тақырыптар жайында пікір алысудан кейін біздің ары қарай жылжуымыздың алдында сіздерде қойғыларыңыз келген сұрақтар бар ма? Оқылған ақиқаттар сіздерге түсінікті ме? Біз осы ақиқаттарға сенеміз бе?” (Енді тоқтап, оларға өз ойларын айтуға мүмкіндік беріңіз).

Мәсіхті қабылдау дұғасы

Дұға еткен кезде шатасып қалмау үшін мына үлгіні ұстанғаныңыз дұрыс болады:

- * Құдайға Оның сүйіспеншілігі үшін алғыс айту
- * Өзімнің күнәкар екенімді мойындау
- * Күнәның жазасы - мәңгілік өмір екенін түсініп, осыған сену
- * Бізді күнәның жазасынан азат ету үшін Мәсіхтің Өз жанын құрбан еткеніне сену
- * Мәсіхті жеке түрде өз жүрегіме шақыру
- * Құдайға Оның сүйіспеншілігі үшін алғыс айту

Осы ретпен құралған дұғаның мынандай үлгісі бар:

“Қазір біз бас иіп дұға етпекпіз. Мен бір сөйлемнен айтамын, ал сіздер барлығыңыз оны дауыстап қайталаңыздар және біз осылай аяғына дейін дұға етеміз. Егер осы дұғаның сөздерін шын ниетпен және адалдықпен айта алмайтын болып сезінсеңіз, онда үндемеңіз. Дегенмен, әрқайсымыз шын ниетпен дұға ете аламыз деп ойлаймын.

Ал енді бас иіп дұға етейік. Соңымнан қайталаңыздар:

О, Жаратқан Ием, Иса!

Мен күнәкармын. Менің күнәларымды кешіре гөр.

Иса, Сенің мен үшін айқыш ағашта құрбан болып,

менің құтқарылуым үшін қайта тірілгеніңе сенемін.
Сені Құтқарушы Ием деп қабылдап,
Саған жүрегімнің төрінен орын беремін.
Қазірден бастап Сенің жолыңа түсемін.
Құдіретті Иса, өмірімді Сенің қолыңа тапсырамын.
Мені Өзің жетелеші, қандай адам болғанымды
қаласаң, сондай адам қылып шығара гөр.
Тәңірім Иса, Саған алғыс айтамын. Аумин!”

Оларға сенімдерін нығайтуға көмектесу

Топпен бірге дұға еткеннен кейін сіз оларға құтқарылғанға сенімді болуға көмектесуіңіз керек. Сіз былай айта аласыз:

“Жеңіс, Жохан. 1-хаты 5:11-12-аяттарды ашып, осы үзіндіні оқып бересіз бе?” Үзінді оқылғаннан кейін: “12-аятта адамдардың қандай екі түрі жайында айтылады?”

Жауабы: (1) мәңгілік өмірге ие болғандар, (2) мәңгілік өмірге ие болмағандар. Немесе: (1) Құдай Ұлымен байланысы бар адамдар, (2) Құдай Ұлымен байланысы жоқтар. Адамдардың осы сөйлемдердің екеуіне де бірден назар аударатыны - сирек болатын жағдай. Сөйлемдердің қайсысы айтылса да сіз былай дей аласыз:

“Бұл аятта осындай ой бар, бірақ, сонымен бірге онда адамдардың екі түрі жайында айтылған”. Сіздің оларға ымдап айтуыңызға тура келеді. Егер олар ымыңызды түсінсе, оларды тапқырлығы үшін былай мақтап қойғаныңыз дұрыс болады: “Дұрыс! Сонымен Құдай Ұлымен байланысы бар және Онымен байланысы жоқ адамдар да болады. Сондай-ақ, мәңгілік өмірге ие және мәңгілік өмірі жоқ адамдар да болады. Енді Аян 3:20-аятты қарайық. Қарлығаш, осы аятты оқып бересіз бе?”

Аят оқылғаннан кейін былай айтуға болады: “Маған осы аятты қате жіберіп айтуға рұқсат беріңіз: “Міне, Мен есік алдында келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге “дастарқандас” болуым мүмкін; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болатын шығар”. Мен қай жерде дұрыс айтпадым? Иса “болуым мүмкін” және “болатын шығар” деп айтқан жоқ, керісінше біз Оны шақырсақ, жан дүниемізге енетінін айтқан. Әлемде сенуге тұрарлық сөз бар болса, ол - Исаның Сөзі.

Біз Мәсіхті жан дүниемізге шын ниетпен шақырдық па? Иә! Ол біздің жан дүниемізге енді ме? Егер біз шынайы сеніммен дұға еткен болсақ, Иса енді бойымызда. Ал адамның жүрегінде Иса бар болса, сол адам мәңгілік өмірге ие”.

Енді топ мүшелерінің мәңгілік өмірге ие болғанын оларға қайта-қайта айта берудің қажеті жоқ. Олардың сенімін нығайтуды Киелі Рухқа тапсырыңыз. Сіз оларға Киелі Рух қолданатындай Құдай сөзінен жеткілікті дәлелдер көрсеттіңіз.

Сабақтарды жалғастыра беру керек пе?

Өткен сабақтарда қатысушылар қызығушылық көрсеткен болса, олардың кейбіреулері сабақтарды жалғастыра беруге ынта көрсетуі мүмкін. Егер топ мүшелері бір ауыздан ынта көрсетсе, сіз оларға *Шәкірт дайындау бағдарламасы, 1-кітап* сияқты құжаттарды ұсына аласыз. “Әрқашан кездесеміз” деп мәлімдегеннен аулақ болыңыз. Қайта-қайта сансыз кездесе бергеннің орнына сабақтардың санына негізделіп, пайдалы бағдарламаларды таңдап, арнайы мақсаттарға жетуге талпыныңыз.

Егер топтағы кейбір адамдардың сабақтарды жалғастыруға қызығушылығы жоқ екенін сезінсеңіз, сіздің аса үзілді-кесілді болмағаныңыз дұрыс болады. Сіз өзіңізде уақыт және топ мүшелерінде қызығушылық пен мүмкіндік болған жағдайда оларға тағы бір бағдарламаны

ұсынғыңыз келетініңізді айта аласыз. Әр адам немесе ерлі-зайыпты жұптардың әрқайсысы осы жайында ойланып, сізге бір апта немесе он күндей уақыттың ішінде телефон соға алады. Сіз де өзіңіздің осы бағдарламаны өткізуге уақытыңыздың бар, жоғын анықтау керектігін айта кетсеңіз болады.

Бұлай істегеніңіз сабақтарға ары қарай қатысқысы келмеген адамдарға сыпайы түрде жоқ деп, ғайып болуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, сабақтарды жалғастырғысы келген адамдар осы жайында анық шешімге келе алады. Сіз ары қарай оқығысы келмеген адамдардың орнын басқа топтағы адамдармен толықтыруыңыз мүмкін. Рухани дәрежесі бірдей және топта өзін ыңғайлы сезінетін адамдарды шақырғаныңыз дұрыс болады.

Оңашада байсалды сөйлесу

Сабақтарды аяқтағаннан кейін топпен сөйлеспейтін болсаңыз, сізге әр адаммен немесе ерлі-зайыпты жұптың әрқайсысымен сөйлесу керек. Оларға телефон соғып, олардың үйінде кездесу немесе сіздің үйіңізде шәй ішу уақытын белгілеңіз. Кездесудің себебін бірден анықтап түсіндіру керек. Өткен сабақтар жайында олардың ойын және осындай сабақтарды қалай жақсарту жайындағы ұсыныстарын білгіңіз келетініңізді айтыңыз. Олар өз пікірлерін телефон арқылы білдірмесін. Сіз олармен оңаша кездесіп, ашық сөйлесуіңіз керек. Балалар ұйықтаған кезде кездескен дұрыс. (Сондықтан олардың үйінде кездескен жақсырақ болады).

Сәлемдесіп, жалпы жағдайлар жайында қысқаша әңгімелескеннен кейін сіз топпен сөйлескенде қолданатын әдістерді пайдалана аласыз. Олардың сабақтар жайындағы ойын тыңдап, Мәсіхті өзі қабылдағысы келген адамға қалай көмектесуді білетінін сұраңыз. Содан соң Мәсіхті қабылдауға арналған дұғаны талқылаңыз. Оларға сізбен бірге қазір дұға етуді ұсынып, “иә” деп айтуға мүмкіндік беріңіз.

Дұға еткеннен кейін құтқарылуға сенімді болу жайында топта қалай сөйлескен болсаңыз олармен де солай сөйлесіңіз. Олармен сабақтарды жалғастыру жайында да ақылдасуыңызға болады.

Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын құжаттар

Киелі кітаппен танысудың алғашқы алты сабағында сіз төмендегі құжаттарды қолдана аласыз:

1. *“Иса Мәсіхтің туылуы”*. Бұл - бірінші Туылу мейрамы жайындағы сабақ жақсы кіріспе болғандықтан, оны кез келген жыл мезгілінде қолдануға болады. Осы құжаттармен бірінші сабақта танысып, екінші сабақта, керекті тапсырмаларды орындап келгеннен кейін оларды толығырақ талқылауға болады.

“Иса Мәсіхтің туылуы” деген сабаққа арналған құжаттар осы кітаптың соңындағы *Дұғалар мен олардың жауаптары* деген парақтардан кейін орналасқан. Бұл құжаттарды ксерокспен көбейтіп топ мүшелеріне тарата аласыз.

2. *“Иса Мәсіх-Кім?” “Иса Мәсіхтің қызметі”* және *“Мәсіхтегі мәңгілік өмір”*. Бұл - “Навигаторлар” ұйымы шығарған *Киелі кітапты зерттеу және мәсіхшінің өмірі* атты сериядағы *Мәсіхтегі жаңа өмір* деген бірінші кітаптың үш тарауы. Бұл тараулар қалған Киелі кітаппен танысу сабақтарында пайдалануға өте жақсы құжаттар болып табылады. Олар оқушыларға Мәсіхтің Кім екенін, Оның өлімінің мағынасын және мәңгілік өмірге ие болудың жолын түсінуге көмектеседі. (Осы үш тараудан алынған үзінділер 41-44- беттерде келтірілген). Сіз тобыңызды осы құжаттармен екінші сабақта таныстыра аласыз.

“Навигаторлар” ұйымының сізге қолдануға ұсынатын құжаттары мынандай: Жохан жазған Ізгі хабарға негізделген *“Ізгі хабарды таратуға арналған сабақтарды жүргізушінің құралы”* және “Құдай шынымен бар ма?”, “Адамзаттың жағдайы қандай?”, “Иса Мәсіх – Кім?” деген сабақтардан тұратын *“Құдай, адам және Иса Мәсіх”* деген құжаттар.

“Иса Мәсіх - Кім?” деген тараудан үзінді

(Киелі кітапты зерттеу және мәсіхшінің өмірі атты сериядағы Мәсіхтегі жаңа өмір деген бірінші кітаптың 1-тарауына арналған кіріспе сұрақтар)

Біз адаммен алғашқы танысқан кезде әдетте мынандай екі сұрақты қойғымыз келеді: “Ол - кім екен?” және “Ол не істейді?”

Біз Иса Мәсіх туралы білгіміз келіп, Киелі кітапты оқыған кезде де біз осындай сұрақтарды қоюымыз мүмкін. Исаның Өзі де шәкірттерінен былай сұраған: “Көктен келген Билеушіні жұрт кім деп жүр?” (Матай 16:13) Шәкірттері Оған адамдардың бірнеше дұрыс емес пікірлерін атап бергеннен кейін Иса оларға бұрылып: “Ал сендер Мені кім дейсіндер?”

Бұл сұрақ сол заманда маңызды болғандай, қазіргі таңда да маңызды. Бұл сұрақтың жауабы Мәсіхке сенудің негізі және осы сабақтың тақырыбы болып табылады.

ОНЫҢ АДАМДЫҚ БОЛМЫСЫ

1. Ғалат. 4:4-аятты оқыңыз. Пауыл Құдайдың Ұлы Исаның туылуын қалай сипаттады?

Жауаптың мысалы: Оны Құдай жіберді және Ол бір әйел арқылы дүниеге келді.

2. Иса қай жерде туылды? (Матай 2:1-аятты оқыңыз)

(Иса Мәсіхтің туылуы жайында толығырақ оқу үшін Матай 1:18 - 2:12 және Лұқа 1:26 - 2:20-аяттарды оқыңыз).

3. Басқа балаларға қарағанда Исаның балалық шағы қандай болды? (Лұқа 2:52)

4. Иса айдалада ораза тұтқаннан кейін қандай жағдайда болған? (Матай 4:2)

5. Жохан 4:6-аятты оқыңыз. Исаның адамдық болмысы осы үзіндіден қалай көрінеді?

6. Адамдарға тәлім беріп, қатты еңбектенген күнінің соңында Иса не істеді? (Марка 4:38)

7. Өз достарының қайғыға ұшырағанын көргенде Иса Өзінің мұңын қалай көрсетті? (Жохан 11:35)

“Иса Мәсіхтің қызметі” деген тараудан үзінді

(Киелі кітапты зерттеу және мәсіхшінің өмірі атты сериядағы Мәсіхтегі жаңа өмір деген бірінші кітаптың 2-тарауына арналған кіріспе сұрақтар)

Иса не істеді? Ол ауруларды сауықтырды, өлгендерді тірілтті, бес мыңнан астам адамды тамақтандырды және шеттетілген, күнәкар адамдармен дос болды. Оның аузынан даналық пен құдіретке толы және тыңдаушыларды қайран қалдыратын сөздер шыққан. Иса күнәсыз өмір сүрген және Оның өмірі Оны білген адамдар үшін үлгі әрі сөгіс болған. Содан соң Ол Өз еркімен жауларының қолына түсті, олар Оны қылмыскер ретінде өлтірді.

Исаның өмірі мен ілімі маңызды, алайда Оның дүниеге келуінің ең маңызды мақсаты Оның өлімі, қайта тірілуі мен көкке көтерілгенінен көрінді. Осы сабақта осы оқиғалар қаралады.

ОЛ БІЗДІҢ КҮНӘЛАРЫМЫЗ ҮШІН ЖАНЫН ҚИДЫ

1. Матай 1:21-аятты оқыңыз. Періште Исаның туылуын жариялағанда Оның дүниеге келу себебі жайында не деді?

2. Матай 16:21-аятты оқыңыз. Иса шәкірттеріне Өзінің Иерусалимге барып, діни жетекшілердің қолынан _____

және үшінші күні _____

аятты (Матай 16:21).

3. Иса қандай өліммен өлді? (Матай 27:35)

Ол қандай адамдармен бірге өлді? (Матай 27:38)

(Исаны сотталуы және Оның қалай өлгені Лұқа 22-23 пен Жохан 18-19-аяттарда да сипатталған).

4. Құдай барлық адамдар туралы не дейді? (Рим. хат 3:23)

5. Мәсіх Өзінің адамдарға деген сүйіспеншілігін қалай көрсетті? (Рим. хат 5:8)

“Мәсіхтегі мәңгілік өмір” деген тараудан үзінді

(Киелі кітапты зерттеу және мәсіхиінің өмірі атты сериядағы Мәсіхтегі жаңа өмір деген бірінші кітаптың 3-тарауына арналған кіріспе сұрақтар)

Бүкіл заман бойы адамдар өлімнен кейінгі өмірдің құпиясын ашқысы келген. Бірнеше уақыттан кейін барлығымыз мәңгіліктің алдында тұрамыз. Мәңгілік өмір деген не? Оған кім ие бола алады? Осыған қалай сенуге болады? Мұның жауаптары Киелі кітапта бар.

МӘҢГІЛІК ӨМІРДІҢ КӨЗІ НЕДЕ?

1. Жохан 14:6-аятты оқыңыз.

а. Иса Өзі туралы не айтты? _____

ә. Құдайға апаратын жол көп деген түсінікке қарсы Иса не деді?

2. Елшілер. істері 4:10, 12-аяттар бойынша мәңгілік өмірдің (құтқарылудың) жалғыз көзі Кім болып табылады?

3. Жохан 3:36-аятты оқыңыз.

Мәсіхке сенетін адамдар _____

ал сенбейтіндер шынайы өмірді көрмейді және _____

4. Жохан 17:3-аятта Иса мәңгілік өмір туралы не айтты?

5. Иса Мәсіх арқылы жаңа өмірге ие болмаған адамдар қандай жағдайда? (Ефес. хат 2:1)

Барлық адамдар күнә жасағандықтан рухани өлім мен мәңгілікке Құдайдан ажырау деген күнәның зардабын шегуге мәжбүр. Иса Мәсіхтен мәңгілік өмір қабылдамағандар осы өмірде де, мәңгілікте де Құдайдан ажыратылады.

Киелі кітаппен танысу сабақтарына ұсынылатын жоспар

САБАҚ	ПІКІР АЛЫСУ	КЕЛЕСІ САБАҚҚА ТАПСЫРМА
1 (Сабақтың ретімен танысу)	Бір-біріңізбен жақын танысып, сабақтың мақсаты мен бағытын талқылаңыз. Киелі кітапты қалай пайдалану жайында сөйлесіңіз. “Иса Мәсіхтің туылуы” деген құжаттағы алғашқы бірнеше сұрақтарды топпен бірге талқылаңыз.	“Иса Мәсіхтің туылуы” деген құжаттағы қалған сұрақтармен әркім өзі жұмыс істесін.
2 (Пікір алысу мен ойлану)	“Иса Мәсіхтің туылуы” деген құжаттағы қалған сұрақтарды талқылаңыз. Топ мүшелерін “Иса Мәсіх-Кім?” деген тараумен таныстырыңыз.	“Иса Мәсіх - Кім?” деген тараумен жұмыс істеу.
3 (Пікір алысу мен ойлану)	“Иса Мәсіх- Кім?” деген тарауды талқылаңыз.	“Иса Мәсіхтің қызметі” деген тараумен жұмыс істеу.
4 (Пікір алысу мен ойлану)	Мүмкіндік болса, “Иса Мәсіхтің қызметі” деген тарауды толығымен талқылаңыз.	“Мәсіхтегі мәңгілік өмір” деген тараумен жұмыс істеу.
5 (Пікір алысу мен ойлану)	“Иса Мәсіхтің қызметі” деген тараудың қалған сұрақтарын талқылаңыз. Мүмкіндік болса, “Мәсіхтегі мәңгілік өмір” деген тарауды толығымен талқылаңыз. (Осы тарауды бітіргеннен кейін уақыт қалса, байсалды сөйлесуді осы сабақта істей аласыз).	“Мәсіхтегі мәңгілік өмір” деген тараудағы сабақпен жұмыс бітпеген жағдайда оны бітіру.
6 (Пікір алысу мен ойлану, байсалды сөйлесу)	“Мәсіхтегі мәңгілік өмір” деген тараудағы қалған сұрақтарды талқылауды бітіру. Байсалды сөйлесуді топта өткізуге шешім қабылдаған болсаңыз, солай істеңіз.	Байсалды сөйлесуді топта өткізбейтін болсаңыз, әр адаммен немесе ерлі-зайыптылар жұбымен кездесу уақытын белгілеу.

11-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын (тақырыптарымен және сілтемелерімен) бір отырғанда жатқа айтып беруге дайын болыңыз.

ә. *Жақсы жаттау қабілетін жетілдіру* деген бөлімді оқып, оны талқылауға дайындалыңыз (46-48-беттер).

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:* 5-тараудың 1-8-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 82-84-беттер)

11-САБАҚ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топарға бөлініп, шамаңыз келгенше неғұрлым көбірек аяттарды қайталаңыз. *Бақылау күнделігіңізге* қол қойғызу үшін ондағы істелуге тиіс барлық жұмыстарды бітіруге тырысыңыз.
2. *Жақсы жаттау қабілетін жетілдіру* деген бөлімді талқылаңыз (46-48-беттер).
3. Тақырып бойынша жаттау жүйесінің барлық алпыс аятын (тақырыптарымен және сілтемелерімен) бір отырғанда жатқа айту барысындағы жұмыс жайында сөйлесіңіз.
4. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
5. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
6. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* “Осы дүниенің жағдайы” деген 5-тарауының 1-8-сұрақтарын талқылаңыз (82-84-беттер).
7. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
8. 12-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (48-бет).
9. 12-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
10. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жақсы жаттау қабілетін жетілдіру

1. *Қайталау жүйесі*

Құдай бізге ұмыту қабілетін де бергеніне байланысты біз жатталған аяттарды есте сақтау үшін, оларды қайталап жүруіміз керек. Сондықтан бізге аяттарды қайталауға арналған қарапайым және тиімді жүйе керек.

Тақырып бойынша жаттау жүйесі он екі аяттан тұратын бес топқа бөлінгендіктен, дүйсенбіден жұмаға дейін күніне он екі аяттан қайталап жүру ыңғайлы болар: дүйсенбіде А сериясы, сейсенбіде Ә сериясы және апта бойы осылай жалғастыра беру.

Еңбектеніп жеткеніңізді жоғалтып алмаңыз. Жатталған аяттарды мұқият қайталап жүріңіз.

2. *“Дос” әдісі*

Өзін бір тәртіпке бағындыру - қиын нәрсе, сондықтан өзіңізге аяттарды жаттауға көмектесетін дос тауып алыңыз. Бұл досыңыз сіздің аяттарды жақсы жаттағаныңызды тексеріп, сізді тәртіпке шақыратын болады.

Бұндай “дос” бола алатын адамдар: күйеуіңіз, әйеліңіз немесе балаларыңыздың біреуі. Сондай-ақ, сізге бұл істе жұмыстағы әріптесіңіз де (тіпті сенбеуші болса да) көмектесе алады. Көптеген бауырластар мұндай мүмкіндікті Ізгі хабарды айтуға қолданған.

3. Жаңа аяттар жайында

Сізде болашақта жаттаймын деген аяттардың тізімі де пайда болған шығар. Сіз оларға тыныш уақыт, уағыз, тағы да басқа жағдай кезінде назар аударған боларсыз. *Тақырып бойынша жаттау жүйесі* бойынша жұмысты бітіргеннен кейін сіз Киелі жазбаның басты үзінділерін жаттауды жалғастыра беруіңіз керек. Бұлай істесеңіз, Киелі Рух оларды сіздің өміріңіз бен қызметіңізде қолдана алады.

Әр аптада бір, екі немесе үш аяттан жаттауды өзіңізге мақсат етіңіз. Аяттарды түбіртектерге жазып, қорапшаңызға салып отыру үшін арнайы бір күнді белгілеңіз.

Осының екінші ыңғайы - әрқайсысында 36 аятты енгізетін мына бес жинақтың біреуін алып пайдалану: “Сенімді жетілдіру”, “Мәсіх туралы басқаларға айту”, “Жеңіспен жүру”, “Сүйіспеншілікті өсіру” және “Құдайды тану”.

Өзіңіздің жаттау жүйеңізді үнемі қайта қарап, оған жаңадан жаттап жүрген аяттарды қайталауды да енгізіңіз.

4. Киелі жазбаны жаттаудың негіздерін тұжырымдау

Сіздің ыңғайыңыз үшін төменде 2:7 серияда бұрын қаралған Киелі жазбаны жаттаудың тоғыз негізі біріктіріліп қайталанады. Сізге оларды қайталаудың қажеті бар ма екенін тексеріңіз.

а. **Сенімділік** - сіз аяттарды жатқа біле аласыз. Сіздің өткенде мүдірмей айтқаныңыз - осының дәлелі және Құдай сізге көмектесуге уәдесін берген. Сіздің осыған икемденуіңіз өте маңызды.

ә. **Ынта** - Мақсатына деген зор ынтасы бар адам көп жетістікке қол жеткізе алады. Киелі жазбаны жаттауға деген ынта - рухани жетілуге ұмтылу болып табылады. Құдайдың сөзін неге жүрегіңізде сақтағыңыз келгенінің себептерін есіңізге түсіріңіз. (2-курс оқулығының 6-бетінде өзіңіздің не жазғаныңызды көре аласыз).

б. **Назар аудару** - Аяттарды жақсы жаттау үшін жұмылдырыла білу керек. Аяттарды жаттаған немесе қайталаған кезде сізді ештеңе алаңдатпау керек.

в. **Түсіну** - Аят неғұрлым сізге маңызды көрінсе, соғұрлым оңайырақ жатталады. Сондықтан аяттарды жаттамай тұрып олардың мағынасына жету керек. Сондай-ақ сіз аятта айтылған жағдайлар туралы да дұға етуіңіз керек.

г. **Ұқсастыру** - Бірденені жаттап алуды жеңілдетудің тамаша жолы - оны бір нәрсеге ұқсастыру. Сондықтан аяттардың тақырыптары мен сілтемелерін қоса жаттап, аяттарды тақырып бойынша бөліп сақтаған дұрыс болады.

ғ. **Аяттардағы көріністі көз алдыңызға елестету** - Аяттағы сөздерді бір бейне етіп көз алдыңызға елестету де - пайдалы әдіс. Осындай бейнеге сүйенгеніңіз сізге ілгек болғандай аятты еске түсіруге көмектеседі.

д. **Қайталау** – жаттау жұмысында табысқа жетудің басты жолы болып табылады. Аяттарды ұмытпау үшін оларды жаттап алғаннан кейін жиі қайталаңыз. Аятты жатқа білсеңіз де, оны керекті кезде бірден мүдірмей айтып беру үшін ары қарай қайталай беріңіз.

е. **Басқа сезім мүшелерін қолдану** - Аяттарды жаттағанда оларды ішіңізден оқи бермей, дауыстап айту мен параққа жазу сияқты әдістерді қолданыңыз.

е. **Жалпы түсінік** - Аятты нақты жаттауға кірісер алдында оның мағынасы мен оны енгізетін серия жайында жалпы түсінікті құрауға тырысыңыз. Аятты жаттаған кезде оған зейін қойып, толығымен екі-үш рет оқып шығып, бір сөйлемнен жаттаңыз.

5. Жаттауға қажетті әдеттерді жетілдіру

Киелі жазбаны жаттап, қайталауға қажетті жеті әдет мынандай:

а. **Ертерек бастаңыз** - Аяттары жаттау ісін ертерек, демек таңғы асқа дейін немесе тыныш уақыт кезінде бастаңыз. Ерте бастағаныңыз сізге күні бойы жігер береді.

- ә. **Аяттары салынған мұқабаныз өзіңізбен бірге болсын** - мұқабанызды өзіңізбен бірге ұстап, бос кездерді аяттарды жаттауға жұмсау әдетін жетілдіріңіз.
- б. **Тақырыптар мен сілтемелерді үйреніңіз** - Әрқашан алдымен тақырыпты, содан кейін сілтемені, содан соң аяттың өзін және соңынан қайта сілтемені айтыңыз.
- в. **Аяттарды қатесіз жаттаңыз** - Аяттарды дәлме-дәл жаттаңыз. Бұл сізге сенімділік беріп, аяттарды басқаларға дұрыс жеткізуге көмектеседі.
- г. **Аяттарды әр күні қайталаңыз** - Жаттап жүрген барлық аяттарыңызды апта бойы әр күні кем дегенде бір рет қайталап жүріңіз. Бұл - жетістікке жетудің ең аз талабы.
- ғ. **Жаңадан жатталған аяттарды аптаның соңында тексеріңіз** - Апта бойы жаңа аяттарды жаттағаннан кейін, оларды параққа жазып немесе достарыңыздың біреуіне айтып өзіңізді тексеріңіз.
- д. **Аяттарды қайталай беріңіз** - Жаңа аяттарды керек кезде дәлме-дәл айтып беру дәрежесіне жету үшін оларды алты апта бойы күніне бір рет қайталап жүру әдетте жеткілікті. Әрине, оларды ары қарай да қайталай беру керек.

12-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау: Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын бір отырғанда айтып беруге дайындалыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу:* 5-тараудың 9-14-сұрақтарына жауап беріп, оның *қорытындысын* жасаңыз (86-88-беттер).
4. *Басқа да жұмыстар:* 49-50-беттердегі *6-курс аяқталды - ары қарай не?* деген бөлімді оқып, оны талқылауға дайындалыңыз.

Сабақтың жоспары:

1. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* барлық алпыс аятын бір отырғанда жатқа айту жұмысы қалай өтіп жатқаны жайында пікір алысу.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* “Осы дүниенің жағдайы” деген 5-тарауының 9-14-сұрақтарын талқылап, оның *қорытындысын* жасаңыз (86-88-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 49-50-беттердегі *6-курс аяқталды - ары қарай не?* деген бөлімді талқылаңыз.
7. Өз бетіңізше дұға етіп, өткізетін жарты күнге арналған тапсырманы оқыңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

6-курс аяқталды - ары қарай не?

Сіз 2:7 серияның алты курсы бойы жинаған тәжірибеңіз бен дағдыларыңызды жоғалтып алмауыңыз керек. Киелі Рух сізді Иса Мәсіхтің табанды шәкіртіне айналдыру үшін осы уақыт бойы 2:7 серия мен ондағы жұмыстарды қолданды.

Осы шәкірт дайындау бағдарламасының пайдалы нәрселерін сақтап жүруге арналған бірнеше ұсыныстар мынандай:

1. Есеп беру

2:7 сериямен жұмыс істеген кезде сіз арнайы нәрселер үшін жауапты болып, олар жайында есеп бердіңіз. Топ мүшелерінің біреуі тұрақты түрде сіздің аяттарды қаншалықты жақсы білетініңізді тексеріп жүрді. Сіз басқаларға тыныш уақыт пен Киелі кітапты зерттеу кезінде өзіңізге келген ойлар жайында айтып беруге тиісті болдыңыз. Сондай-ақ, сізге басқа да жұмыстар үшін есеп беруге тура келді.

Сіз Иса Мәсіхке жақсы қызмет істеу үшін сізге үнемі басқалардың көмегі керек екеніне көз жеткізесіз. Анда-санда біреудің сіздің “қалыңызды біліп қойғаны” рухани жетілуіңіз үшін өте пайдалы болады. Алға жылжуыңыз үшін біреу сізге түрткі болса, тәкаппарлық танытпаңыз.

Жауапкершілікті жетілдірудің тағы да бір жолы - әр аптада немесе екі аптада бір рет өзара тексерудің пайдасын көргісі келетін адамдармен бірге кездесіп тұру. Сіздің мақсатыңыз басқа адамдікінен өзгеше болса да, олар сіз үшін не жайында және сіздің неңізді тексеру туралы дұға ету керек екенін білу керек.

Жауапкершілікті жетілдірудің басқа да тамаша жолы - достарыңыздың біреуімен тығыз байланыста болу, сіздер бір-біріңізді тексеріп, жігерлендіре аласыздар. Мұның бір қарапайым үлгісі - аптасына бір рет телефонмен сөйлесу. Әрине, қажет болса, мұны жүзбе-жүз кездесіп істеуге болады. Топпен болсын немесе жеке досыңызбен болсын, қалай кездессеңіз де сіз мыналарды істеуіңіз керек:

(1) Мақсаттарға жету жұмысының қаншалықты жақсы немесе нашар болғанын ашық айтыңыз. Өзіңізге әділ баға беріңіз.

(2) Құдайдың сізге берген асыл қазынасын басқалармен бөлісіңіз. Тыныш уақытта және Киелі кітапты зерттеген кезде өзіңізге келген ойлар мен алған баталар жайында басқаларға айтып бөлісіңіз. Жаңа аяттарды жатқа айтып, ескі аяттарды қайталаңыз. Сенбеушілерге куәлік-

әңгімеңізді айтқаныңыз жайында және Киелі кітаппен танысу сабақтарыңыздың нәтижесі туралы сөйлесіңіз. Жұмысыңыз жақсы нәтиже бермеген жағдайда, мұңаюға немесе жұмысыңыздан бас тарту ниетіне жол бермеңіз. Іске әділдікпен қараңыз. Мақсатыңызға қажетті түзетулерді енгізіп, мәселелеріңізді шешудің жолдарын шыдамдылық пен дұға арқылы іздеңіз. Естеріңізде болсын, табысқа жету жайындағы әңгімелер ғана емес, сәтсіздікке ұшырау жайындағы әңгімелер де Ізгі хабарды айтқанда пайдалы болады.

2. Дұғаға көп уақыт бөлу

Дұғаға бінеше сағаттан уақыт жұмсауды жалғастыра беріңіз. Бұл сізге өз өміріңіз жайында дұрыс көзқарас беріп, Құдайға өміріңіздің қандай аймақтарында жұмыс істеу керек екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Осындай ұзақ дұғалар сізге тыныш уақытты әр күні пайдалы өткізуге көмектеседі.

3. Басты негіздер

Футбол ойынында табысқа жеткізетін басты негіздер жақсы ұжым мен қорғану болып табылады. Иса Мәсіхтің шәкірті үшін өмірде табысқа жеткізетін басты негіздер “Шеңбер” мен “Қол” арқылы берілген мысалдарда көрсетілген. Олар ешқашан ескірмейді. Дұрыс жолда екеніңізді тексеру үшін оларды есіңізде сақтап жүріңіз.

4. Осы топпен сабақты жалғастыра беру керек пе?

Кейбір топтар 2:7 серияның 6-курсын бітіргеннен кейін ары қарай, әдетте екі аптада бір кездесуді жалғастыра береді. Мұндай топтар Киелі кітапты зерттеуге арналған басқа да оқулықтар бойынша жұмыс істей алады.

5. Басқаларды дайындаңыз

Сізге де 2:7 серия бойынша сабақ жүргізе бастау жайында ойлануға болады. Бұлай істесеңіз, сіз басқаларға көмектесе аласыз, сондай-ақ өзіңіз де Мәсіхтің шәкірті ретінде рухани жетіле аласыз. Сонымен бірге, 2:7 сериямен байланысы жоқ қызме істей аласыз: мұқтаждарға көмек беру, Ізгі хабарды тарату шараларына қатысу, Киелі кітапты зерттеу сабақтарын жүргізу, Мәсіхке жаңа келген бір немесе екі сенушіге рухани өсуге көмектесу. Басқаларға көмектесу арқылы сіз өзіңіздің үйренген әдістеріңіз бен қабілеттеріңізді іс жүзінде қолдана аласыз. Сондай-ақ, басақаларға үйреткен нәрсеңізді сіз өз өміріңізде де тереңірек түсіне аласыз.

СОҢҒЫ ТАПСЫРМА:

Осы курстың соңында сіз міндетті түрде өз бетіңізше жарты күнді дұға етумен өткізуіңіз керек. Мұны төмендегідей орындаңыз:

1. Бастар алдында 2-курстың 51-61-беттеріндегі құжаттарды қарап шығыңыз. Олар ұзақ уақыт дұға ету жайында.
2. 2:7 серияның барлық алты кітабын алып келіңіз. Осы кітаптардағы құжаттар, жатталған аяттар мен *Бақылау күнделігіңіздегі* жазулар жайында кем дегенде бір сағат ойланып, дұға етіңіз. (Осыған уақыттың көбірек бөлігін жұмысаған дұрыс болатын шығар).
3. Алты курстың әрқайсысынан үйренген пайдалы нәрселердің тізімін жасаңыз. Тізіміңізде мынандай нәрселер болуы мүмкін:
 - а. Өзіңіз үшін жаңа түсініктер немесе барған сайын берік әрі терең болған сенім-нанымдар.
 - ә. Өмірде ұстануға арналған үйреншікті негіздер.
 - б. Өзіңіздің жалғастырғыңыз келетін рухани іскерлік.
 - в. Өзіңіз ұйымдастырғыңыз келетін Киелі кітаппен танысу сабақтары.
 - г. Өзіңіз қатысқыңыз келетін мәсіхшілермен араласу топтары мен бірі-бірін тексеріп, жігерлендіру топтары.

КИЕЛІ КІТАП ОҚУДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК, (Шәкірт дайындау бағдарламасы) 6-кітап

Шәкірт ретінде жетілу

Иса Өз шәкірттеріне: “Тегін алдыңдар, тегін беріңдер де!” – деген (Матай 10:8). Біз Иемізден алған баталарымызды басқалармен бөлісуіміз керек.

Құдай сөзін оқу арқылы білген нәрселерді басқа адамдармен бөлісу - Киелі кітапты жеке түрде зерттеудің ең маңызды нәтижесі болып табылады. Сіз Киелі жазбадағы бір ақиқат жайында басқа адамға айтқан кезде осы ақиқаттың өз өміріңізге одан сайын әсер ететінін байқайтын боласыз. Сондықтан Құдай сізге жаңа ақиқаттарды немесе өзіңіздің өміріңізде қолдануға болатын бір ақыл білдірген кезде осыны басқаларға айтуды міндет етіңіз. Киелі Рух сіздің сөздеріңізді басқа сенушіні жігерлендіру үшін немесе сенбеушіге рухани ояныш беріп, оған Иса Мәсіхтің қажет екенін көрсету үшін қолдана алады. “Дұрыс жауап бергеніне адам риза, кезінде айтылған сөз бек тамаша!” (Нақыл сөз. 15:23).

Сізге шәкірт ретінде ары қарай жетіле беруге көмектесу үшін бұл оқулықта төмендегідей тақырыптар талқыланады:

- * Шәкірт деген кім?
- * Жауапкершілігі бар қызметкер
- * Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу
- * Істі жалғастыра беру
- * Осы дүниенің жағдайы

1 - ТАРАУ Шәкірт деген кім?

Шәкірт деген сөзді ең қарапайым түрде “үйренуші” немесе “жол қуушы” деп сипаттауға болады. Сократ, Жақия пайғамбар мен Ганди деген кісілердің де шәкірттері болған. Бірақ Иса Мәсіхтің шәкірті болу – көсем-адамның соңынан еруден әлдеқайда көп жағдайды қамтиды.

ИСА ШӘКІРТІНІҢ ҚАНДАЙ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ?

1. Лұқа 14:25-33-аяттарды оқыңыз.

а. Осы аяттар бойынша шәкірт қалай сипатталады?

26-аят _____

27-аят _____

33-аят _____

(Артық көру деген сөзді толығырақ түсіну үшін Матай 10:37-аятты оқыңыз).

ә. Сіз қалай ойлайсыз, бұл жерде адамның сыртқы әрекеттері, ішкі ниеттері немесе осы екеуі жайында да айтылады ма? Өз жауабыңызды түсіндіріп беріңіз.

2. Төмендегі аяттарды оқып, ойланыңыз. Исаның айтқаны бойынша Оның шәкірттерінің өмірінде қандай қасиеттер болуы тиіс? (Сұраққа жауап бергеннен кейін бірдей қасиеттерді сипаттайтын аяттардың сілтемелерін жазыңыз).

ҚАСИЕТ

СІЛТЕМЕ

Жохан 8:31
Жохан 13:34-35
Жохан 15:8

3. 1 мен 2-сұрақтарда көрсетілген үзінділерді қолданып, шәкірттің қандай болуы тиіс екенін сипаттап беріңіз.

4. Исаның Өз шәкірттеріне қоятын талаптары өте жоғары. Неге деп ойлайсыз?

ШӘКІРТ ҮНЕМІ ҮЙРЕНУГЕ ТИІС

Иса өмір бойы үйренді. Біз Оның жас кезінде ғибадатханада тыңдап, сұрақ қойып отырғанын көреміз (Лұқа 2:46). Халыққа қызмет еткен кезінде Ол Өз шәкірттерін “інжір ағашынан сабақ алуға” шақырады (Матай 24:32). Еврейлерге арналған хатты жазушы Исаның жердегі өмірі жайында былай деген: “Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Мәсіх ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді” (Еврей. хат 5:8).

5. Үйренушінің үйренуге деген ниеті қандай болуы керек? *Нақыл сөз. 12:1, 4:13*

6. Біз кімнен үйрене аламыз?

Нақыл сөз. 4:1 _____

Нақыл сөз. 27:17 _____

Матай 11:29 _____

Жохан 6:45 _____

Еврей хат 13:7-8 _____

7. Қорынт. 1-хат 14:20-аяттарда Пауыл қорынттықтарды не істеуге жігерлендіреді?

“Жаңа көзқарастар мен жаңа дағдыларға ие болу, жаңа адамдармен танысып, қарым-қатынас құру, жаңалық ашу, зерттеу, өзгерістер жасау барысының өзі, басқа сөзбен айтқанда *үйрену* Иса уәде бергендей біздің өмірімізді оқиғаға айналдырады. Ол былай деген: “Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім” (Жохан 10:10). Сіз үйреніп жүрмеген болсаңыз, өмір сүріп жатқан жоқсыз. Бұл түсінуге өте анық әрі қарапайым жағдай”.

- Уолдрон Скотт

8. Ақыл алу неге соншалықты маңызды? *Нақыл сөз. 11:14*

9. Нақыл сөз. 24:30-34-аяттарды оқыңыз. Ақылы жоқ адам жайында сіз не білдіңіз?

ШӘКІРТ БОЛУДЫҢ ҚҰНЫ

10. Иса Өзінің шәкірті болғысы келетіндерді не істеуге шақырады? *Лұқа 14:28-32*

11. Исаның шәкірті болудың құны сіз үшін қандай болуы мүмкін? *Лұқа 9:57-62*

12. Рим. хат 12:1-2-аяттарды оқыңыз. *Тірі құрбандық* деген сөздің мағынасын сіз қалай түсіндіріп беретін едіңіз?

13. Лұқа 9:23-26-аяттарды оқыңыз.

а. Сіз қалай ойлайсыз, *өз еркі бойынша өмір сүруін қою* деген сөздердің мағынасы қандай?

ә. *Айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге күн сайын дайын болу* деген сөздердің мағынасы қандай?

б. Сіз өз өміріңізді қалай сақтап қала аласыз?

“Жоғалуы мүмкін емес нәрсеге ие болу үшін сақталуы мүмкін емес нәрсені беретін адам ақымақ емес, ақылды болып табылады”.

-Джим Әллиот

14. 10-13-сұрақтарда қаралған Киелі жазбадағы үзінділердің тұрғысынан өзіңіздің өміріңіздің қандай болып көрінетіні туралы дұға етіп ойланыңыз. Осы жайында сізге қандай жана шешімдер қабылдау керек?

МҰҚИЯТТЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

15. Жаңа келісімде мәсіхшінің өмірі жарысқа ұқсастырылады.

Қорынт. 1-хат 9:24-27-аяттарды оқыңыз.

а. Пауылдың айтқаны бойынша, біз осы “жарыста” қалай жүгіруіміз керек?

ә. Жарыста жүгірудің басқа да маңызды жағдайларын жазыңыз. Шәкірттің “жүгіруіне” осы негіздердің қайсылары қатысты?

16. Еврей. хат 12:1-2-аяттардан осы жүгіру жарысы жайында көбірек білуге болады.

а. Осы жарыстың соңына дейін жетуге мәсіхшіге не бөгет бола алады?

ә. Сіз қалай жүгіруіңіз керек?

б. Жүгірген кезде сіздің назарыңыз қайда болуы керек?

в. Исаның өмірі сізді қалай жүгіруге жігерлендіреді?

17. Тимоте. 2-хат 2:3-6-аяттарды оқыңыз. Мұнда Пауыл мәсіхшіні адамның үш түрімен салыстырады.

а. Бұл қандай адамдар?


ә. Осы адамдардың біреуін үлгі ретінде алып, оның өмірінде тәртіпті әрі адал мәсіхшінің қасиеттерінің қалай көріне алатынын сипаттаңыз.

18. Еврей.хат 6:11-12-аяттарды оқыңыз. Тәртіп пен адалдық мәсіхшінің өмірінде қаншалықты маңызды болуы керек? (Осы сөздердің дәл мағынасын түсіну үшін сізге сөздікті пайдалану керек болар).


Бір әрекетті істеу үшін адам төрт қадамнан өту керек: (1) тілек, (2) ниет, (3) шешім, (4) тәртіп. Мәселен, бір адам жұмысына барар алдында Құдаймен кездескісі келеді. Осыған уақыттың жеткілікті болуы үшін адам өзінің ерте тұруы керек екенін түсініп 6:30-да оянбақшы болады.



Келесі күні ол уақытында оянбайды, өйткені төсектен тұрғызу үшін тек тілек пен ниет жеткілікті емес. Сондықтан ол уақытында ояну үшін қоңырау сағатты бұрап қою жайында *шешім* қабылдайды.



Алайда, нағыз сынақ сағат шырылдаған кезде болады. Бұл жерде енді *тәртіп* керек болады. Адам сағаттың қоңырауын басқаннан кейін төсекте қала бермеуге тиіс.



Жақсы әдеттер тұрақты тәртіптің нәтижесі болып табылады. Ал тұрақтылық күнделікті талпынысты талап етеді.

19. а. Жетілген мәсіхшіде қандай қасиет бар? *Філіні. хат 3:12-15*

ә. Сіз қалай ойлайсыз, жетілмеген мәсіхшіні қалай сипаттауға болады?

20. Қолос. хат 3:17-аятта Пауыл мұқияттылық жайында не үйретеді?

21. Мәсіхтің шәкірті болу үшін сіздің жүрегіңіздегі ниет неге маңызды?

Нақыл сөз. 4:23

22. Сіздің өміріңіздің қандай аймақтарында сізге көбірек тәртіп керек? Бұл тәртіпті қалай орната аласыз?

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін жоспар ретінде қолданып, оның қысқаша қорытындысын жасаңыз.

2 - ТАРАУ

Жауапкершілігі бар қызметкер

Қызметкердің міндеті - өзіне тапсырған біреудің мүлігін басқару. Мәсіхші өз өмірін және өзіндегі барлық нәрселерді басқаруы тиіс, өйткені осының екеуі де Құдайдың меншігі болып табылады. Сондықтан біз уақытымызға, ақшамызға, сыйларға және денемізге жауапкершілікпен қарауымыз керек.

ҚҰДАЙДЫҢ БЕРГЕНІН ПАЙДАЛАНУ

1. Қорынт. 1-хат 4:2-аятта Пауыл басқарушылар туралы не айтты?

Осыған салыстырмалы сілтемені қолданып, оны қалай түсінетініңізді айтып беріңіз.

2. Құдай өміріңіздің қандай аймақтарында сіздің сенімді қызметкер болатыныңызды күтеді?

Нақыл сөз. 3:9-10 _____

Рим. хат 12:6 _____

Қорынт. 1-хат 6:19-20 _____

Ефес. хат 5:15-16 _____

3. Қандай қызметкер сенімді болып есептелінеді? *Матай 25:14-30*

УАҚЫТТЫ ПАЙДАЛАНУ

Әр бір ер адамға, әйелге және балаға аптасына 168 сағат беріледі. Сіз уақытыңызды аптадан аптаға ақылмен пайдаланып жүрсіз бе әлде оны босқа өткізіп жүрсіз бе? Босқа кеткен уақыт қайтып келмейді, ал ақылмен қолданған уақыт жемісті болады. Сіздің уақытты қалай жұмсайтыныңыздан сіз үшін ненің маңызды екенін білуге болады.

4. Матай 6:25-24-аяттарды оқыңыз.

а. Сенушілер қандай екі нәрсені іздеу керек? *33-аят*

ә. Құдай Патшалығының не екеніне анықтама беріңіз.

б. Құдайдың әділдігі дегенге анықтама беріңіз.

в. Енді Құдай Патшалығы мен Оның әділдігіне берген анықтамаларыңызды пайдаланып, Матай 6:33-аятты өз сөзіңізбен жазыңыз.

5. Тимоте. 1-хаттың 3-тарауындағы 4-5 және 12-аяттарды оқыңыз. Құдайдың көзқарасы бойынша, қауымның қамын жеуден бұрын не маңызды болуы тиіс?

6. Пауылдың ойы бойынша, жұмыс қаншалықты маңызды?
Салониқа.2-хаты 3:7-9

7. Төмендегі баптарды өміріңіздің дәл қазіргі кезіндегі приоритеттер бойынша нөмірлеңіз. Содан кейін баптарды, сіздің ойыңызша, Құдай қалай орналастыратын еді деген ойыңыз бойынша нөмірлеңіз.

_____	Жұмыс (таңдаған мамандығыңыз, қызметіңіз немесе біліміңіз)	_____
_____	Құдай (Онымен қарым-қатынысыңызды жетілдіру)	_____
_____	Отбасы (отбасыңызды сүйу, олардың қамын жеу, оларға ақыл айту)	_____
_____	Рухани қызмет (сіздің рухани қызметіңіз бен куәлік беруіңіз)	_____
_____	Басқа да аймақтар (жеке тілектер - мансап, хобби, ойын-сауық)	_____

8. Құдайдың приоритеттерін өзіңіздікімен салыстырғаннан кейін сіз, оларды Құдайдың еркіне сай ету үшін апталық тізіміңізге өзгертулер енгізетін боларсыз. Апталық тізіміңізде өзгертуді қажет ететін нәрселер бар ма? Бар болса, осы туралы жазыңыз.

Сіз өзіңіздің уақытыңызды қалай пайдаланып жүргеніңізді байқап жүруіңіз керек. Құдайдың өзіңізден қалаған әр түрлі жұмыстардың барлығын орындау үшін уақытыңызды ақылмен жұмсаңыз.

9. Ефес. хат 5:15-21-аяттарды оқыңыз. Пауыл уақытты дұрыс пайдалану жайында не айтады? Сіз оның ақыл-кеңесін қалай жүзеге асыра аласыз?

Уақытты қалай ақылмен пайдалануға болады:

Жоспарды дұға етіп жасау - Алдымен істелетін жұмыстарды олардың маңыздылығы бойынша жазып шығыңыз. (Көп жағдайда өмірдегі жақсы нәрселер ең жақсы нәрселерді басып кете алады).

Құдайға бой ұсынып таңдау - Бірінші ең маңызды істерді жасап, бітпей қалған істерді сеніммен Құдайға тапсырыңыз. (Көп нәрселер бір қарағанда қанша төтенше маңызды болып көрінсе де, ондай емес).

Жұмылдырылу мен мұқияттылық - Өзіңіз таңдаған жұмыстарға ынтымақпен кірісіңіз. Оларды бір-бірден істеңіз, бастаған істі бітіріңіз.

ҚҰДАЙДЫҢ ДАРЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

10. Біз Құдайдың өзімізге берген дарындарын қалай пайдалануымыз керек?

Петір. 1-хаты 4:10

11. Рим. хат 12:3-8-аяттарды оқыңыз.

а. Құдайдың мәсіхшілерге беретін әр түрлі дарындарын атаңыз. (Түсініксіз сөздердің мағынасын анықтап алыңыз).

ә. Сенуші өзіне және өзінде бар дарындарға қалай қарау керек? *3-аят*

б. Сенушілер өздеріне берілген Құдайдың дарындарын қалай пайдалану керек жайындағы Пауылдың ілімін қорытындылаңыз.

12. Петір елші өзінің күші ретінде ынта, ұйымдастырушы, жақсы сөйлеу деген үш нәрсені атағанымен, оның әлсіздігі ұстамсыздық болды. Өзіңіздің үш күшті қасиетіңіз бен бір әлсіздігіңізді атаңыз.

Құдай әр адамға ерекше түр, дауыс, қабілеттер, күшті әрі осал жақтар, басқа да ерекшеліктер мен рухани дарындар берді. Мәсіхтің денесіне енген әркім Оған ұқсас болып, Құдайдың дарындарын пайдалану арқылы басқа сенушілерге көмектесу керек.

АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУ

13. Ақшаға дұрыс ниетпен қарау неге маңызды? *Тімоте. 1-хат 6:10*

14. Төмендегі бес аятта ақшаны пайдалану жайында айтылады. Аталған тақырыптардың әрқайсысына сәйкес келетін сілтемелерді жазыңыз. *Нақыл сөз. 20:10, Нақыл сөз. 22:7, Лұқа 12:15, Лұқа 16:11, Ефес. хат 4:28*

Басқаларға көмектесу үшін ақша табу _____

Байлықты жинау жайында ескерту _____

Қарызға ақша алу туралы _____

Ақшаға байланысты жағдайларда адал болу _____

Ақшаны дұрыс пайдалану _____

15. Қорынт. 2-хат 9-тарауды оқыңыз. Төмендегі аяттарда берудің қандай негіздері жайында айтылған?

6-аят _____

7-аят _____

8-аят _____

12-аят _____

13-аят _____

15-аят _____

Мәсіхшілердің көбісі мерзімді құрбандық беру жоспарын жасаудың рухани және нақтылы пайдасы барына көз жеткізді. Жоспарлау ойланбай ретсіз құрбандық беруден немесе осы қызметті елемеуден сақтай алады. Қазіргі таңда жеке уақыт пен ақшаны пайдаланудың көптеген жолдары бар, сондықтан құрбандық беруді жоспарлау сізге барыңызбен Құдайды құрметтеуге көмектеседі. Мұндай жоспарда келесі баптар болу керек:

1. Табысыңыздың қанша пайызын Құдайға қайтаратыныңыз жайында мұқият ойланып, шешім қабылдаңыз. Бұл - беретініңіздің ең азы, одан төмен оны енді түсірмеңіз.
2. Ақша алған кезде Құдайға тиісті бөлікті дереу жеке алып қойыңыз. Оның жетелеуімен жұмсау үшін осы ақшаны жеке сақтаңыз. Бұл ақшаны жеке қойғаннан кейін оны басқа жағдайларға жұмсамаңыз.
3. Дұға ете жүріп, Құдайдың ақшасын Оның еркі бойынша жұмсаңыз. Мұны мерзімді түрде, яғни апта немесе ай сайын істеген дұрыс.

16. Марқа 12:41-44-аяттардағы ақиқатты сипаттаңыз.

Құдай сеніміңізді нығайтып сізді байытқан сайын Оған беретін сыйлықтарыңыз бен құрбандықтардың пайызын көбейте беріңіз. Сіз өзіңіздің дүние-мүлігіңізді Оған тапсырсаңыз, Ол Өзінің уәделері бойынша сізге рухани байлықтарын береді (Лұқа 16:9-12; Філіпі. хат 4:17).

Өз ақшасын Құдайға беретін адам өзін де, демек уақытының, дарындарының және жігерінің жемісін Құдайға береді. Өз ақшасын құрбандыққа бермейтін адам - өзін Құдайға толығымен тапсырмаған адам болып табылады. Төменге өзіңіздің құрбандық беру жоспарыңызды жасаңыз.

МЕНИҢ ҚҰРБАНДЫҚ БЕРУ ЖОСПАРЫМ

Мен кімге ақша бермекпін: _____

Қанша ақша беремін: _____

Қашан беремін: _____

Не себеппен бермекпін: _____

ДЕНЕНІ КҮТУ

17. Қорынт. 1-хат 6:19-20-аяттарды оқыңыз. Сіз Киелі Рух мекендейтін киелі үй екеніңізді қалай түсінесіз?

18. Рим. хат 12:1-аятты оқыңыз.

а. Пауыл бізді өзіміздің денемізбен не істеуге шақырады?

ә. Неге? _____

19. Жохан біздің рухани қал-жағдайымыздан басқа тағы да не жайында қам жеді? *Жохан. 3-хаты 2*

Сіздің денеңіз Киелі Рух мекендейтін үй болғандықтан оны дұрыс күтіңіз. Тамағыңыз бен ұйқыңыз дұрыс болып, дене жаттығуларын жасап жүрсеңіз, ойыңыз тұнық болып, өзіңізді жалпы жақсы сезінетін боласыз.

20. Келесі тізімді қарап шығыңыз. Дұға ете отыра, денеңізге жақсырақ қарау жайындағы бір бапты таңдаңыз. Осы аймақта сізге қандай өзгеріс жасау керек?

Дұрыс тамақтану _____

Дене шынықтыру _____

Демалуға жеткілікті уақыт бөлу _____

Жаман әдеттерден бас тарту _____

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін жоспар ретінде қолданып, оның қысқаша қорытындысын жасаңыз.

3 - ТАРАУ

Басқаларға Мәсіхті табуға көмектесу

Киелі кітапты зерттеудің нәтижелерінің біреуі - Мәсіх туралы Ізгі хабарды басқалармен бөлісу болуы тиіс. Егер сіз әзір болсаңыз, Киелі Рух сенбеуші адамның рухын ояту үшін, сондай-ақ оған Мәсіхтің қажет екенін түсіндіру үшін сізді қолдана алады.

ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

1. Матай 4:19-аятты оқыңыз. Мәсіх жайында басқаларға айту үшін ең жақсы дайындық не болып табылады? (Өз жауабыңызды түсіндіріңіз).

2. Філіпі. хат 2:14-16-аяттарда Пауыл Мәсіхті көрсететін және адамдарды өзіне тартатын өмір үлгісін бейнелейді. Сіз өз өміріңізді Пауылдың сипаттамасымен салыстырғанда не айта аласыз? Оның қолданған әр сөйлемін өз сөзіңізбен жазып, 1-ден 10-ға дейінгі аралық бойынша аталған әр аймаққа баға беріңіз.

ҚАСИЕТ	ӨЗ СӨЗІҢІЗБЕН ЖАЗУ	БАҒА
Бәрін наразылықсыз істеу		
Таза әрі мінсіз болу		
Еш кінәсіз болу		
Жарық жұлдыздай жарқырау		
Құдай сөзін ұстану		

Осы аймақтардың қайсысы қазір сізден көбірек көңіл бөлуіңізді қажет етеді? Ондағы жағдайды жақсарту үшін сіз қандай өзгерістер жасауыңыз керек?

3. Мәсіхті білмейтін адамдар үшін дұға еткенде сіз Құдайға не айтуыңыз керек?

Жохан 6:44 _____

Жохан 16:8-9 _____

Тімоте. 1-хат 2:1-4 _____

4. Біреумен Мәсіх жайында сөйлесуге сіз өзіңізді қалай дайындай аласыз?

Тімоте. 2-хат 2:15 _____

Петір. 1-хаты 3:15 _____

ТАНЫСУ

5. Матай 9:10-12-аяттарды оқыңыз.

а. Иса қандай адамдармен араласқан?

ә. Иса олармен қалай танысқан?

6. Пауыл адамдарға Мәсіх туралы айту үшін олармен қайда кездесті?

Елшілер. істері 20:20

7. Сұрақ қою әдісі сізге сенбеуші адаммен сөйлескенде әңгімені рухани тақырыпқа ауыстыруға көмектеседі. Сіз әңгімені бұйрық мәнді сарынмен жүргізбей, оны тек жетелеп отыруыңыз керек. Әңгімені жетелейтін адам тек сұрақтарға жауап беріп отырмай, оларды қоюы да тиіс.

Өзіңізбен тұрақты араласып жүрген сенбеуші адамдардың есімдерін жазып шығыңыз. Өңгімені Мәсіхтің Ізгі хабары туралы тақырыпқа ауыстыруға көмектесетін сұрақтарды құрастырыңыз. (Мына мысалдарға назар аударыңыз: Айнагүл - студент, Смағұл - кәсіпкер, Мейіржан - әскери қызметкер).

АДАМ	СҰРАҚТАР
<i>Айнагүл</i>	<i>Сіз колледжде оқи бастаған кезден бастап дін жайындағы түсініктеріңіз қалай өзгерді?</i>
<i>Смағұл</i>	<i>Егер кәсібіңіз табысты болып кетсе, өз өміріңізде қандай мақсаттарға жеткіңіз келетін еді?</i>
<i>Мейіржан</i>	<i>Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі таңда неліктен соншама көп жерлерде соғыс бар?</i>

АДАМДАРДЫҢ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫН КӨРЕ БІЛУ

Иса адамдардың мұқтаждықтарын өте жақсы көре білген, Ол біреумен сөйлескен кезде сол адам үшін ең қажетті нәрсе жайында айтатын. Мәсіхсіз жүрген адамның ең басты мұқтаждығы - Оны Құтқарушы әрі Ие ретінде қабылдау. Алайда Мәсіхсіз жүрген адам өзінде Мәсіхті қабылдаудан да маңызды басқа көптеген мұқтаждықтары бар деп ойлауы мүмкін. Осындай адамның нақты мұқтаждықтарын қанағаттандыра алдында сізге оның “сезілген” мұқтаждықтарын қанағаттандыру керек болар. Сезілген мұқтаждықтар – нақты мұқтаждықтардың белгі-нышаны.

8. Марқа 10:17-22-аяттарды оқыңыз. (Сондай-ақ, Матай 19:16-30 және Лұқа 18:18-30-аяттарды салыстырыңыз).

а. Осы адамның сезілген мұқтаждығы не болды? _____

ә. Оның нақты мұқтаждығы қандай болды? _____

б. Иса барлық өсиеттерді айтып болғаннан кейін осы адамның мәселесі оның сараңдылығында жатқанын қалай көрсетті?

в. Иса осы адамды мұндай сынақтан өткізген кезде оған деген ниеті қандай болды?

9. Мұқтаждықтарды көру үшін мәселелердің әр түрлі белгілер арқылы өздерін көрсететінін білу керек, бұл мысалы: тән құмарлығы, көзінің қомағайлығы, мал-мүлікке мастануы (Жохан. 1-хаты 2:15-17). Осындай мәселелердің барын білдіретін қандай белгілер болады?

а. Күнәкар адамның құмарлығы

Адамдар арасында шамданған түр көрсету немесе қымсыну

ә. Көз қомағайлығы

Дүниеқұмар болу

б. Мал-мүлікке мастану

Адамның сезілген мұқтаждығы өте анық әрі үлкен бола алады, алайда бұл сізді тоқтатпасын. Бұл мұқтаждықтың себебі неде бола алатынын өзіңізден сұраңыз. Осындай адамның нақты мұқтаждығы неде жатқанын анықтауға тырысыңыз. Кейін оған сол нақты мұқтаждықты көруге көмектесіп, мәселенің шешімі Құдай сөзінде екенін көрсетіңіз.

ҚҰДАЙ СӨЗІН ПАЙДАЛАНУ

10. Құдай сөзі не істейді? *Еврей. хат 4:12*

11. Құдай Өз сөзінде сенушілерге қандай уәде береді? *Ишәя 55:11*

12. Пауыл Мәсіхтің Ізгі хабарын қай жерде және кімге айтты?
Елшілер. істері 17:1-3, 26:22

13. Қарсыластарына жолыққан жағдайда не істеу керек? *Тімоте. 2-хат 2:23-26*

Жаңа келісімі бар кішірек Киелі кітапты өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Біреуге Мәсіх туралы айтқан кезде аяттарды сол адамның өзіне оқытыңыз. Бұл - Мәсіх туралы айтудың өте тиімді әдісі болып табылады, сондай-ақ Құдай сөзіне деген сенімді нығайтады.

МӘСІХ ТУРАЛЫ АЙТУ

14. Адасқан адамдарға Мәсіх туралы айту неге маңызды?

Жохан 14:6 _____

Елшілер. істері 4:12 _____

15. Жохан 3:16-18-аяттарды оқыңыз.

а. Ізгі хабарды тұжырымдайтын төрт негіз қандай? *16-аят*

ә. Құдай Исаны осы дүниеге неге жіберді? *17-аят*

б. Адамдардың қандай екі түрі бар? *18-аят*

в. Үкімнен құтылу үшін не керек?

Мәсіх туралы кез келген жағдайда айтуға дайын болыңыз: Ізгі хабардың негізгі ақиқаттарын біліңіз. Иса Мәсіх туралы әңгімеңізді қалай түсінікті әрі қызық ету жайында ойланып, осы бағытта жұмыс істеңіз. Дұға етіңіз, өзіңізде пайда болған мүмкіндіктерді қолданыңыз.

16. Ізгі хабарды біреуге айтқаннан кейін сол адамға өз жүрегін Мәсіхке ашуға көмектесу үшін жиі жағдайда мынандай сұрақ қоюға болады: “Сіз дәл қазір Иса Мәсіхті өзіңіздің

Құтқарушыңыз және Иеңіз ретінде қабылдағыңыз келеді ме?” Егер адам осыны істегісі келсе, онда ол дұға етіп, Исаны өз өміріне Құтқарушы және Ие ретінде шақырсын.

Адамды осы шешімге алып келе жатқан кезде оған “өжет” аяттардың біреуін пайдаланған дұрыс. Мұндай аяттар адамға Мәсіхтің ұсынысын Киелі Рухтың ықпалы арқылы қабылдау үшін не істеу керек екенін көрсетеді. Төмендегі аяттардың біреуін таңдап, оны осындай жағдайда қалай қолданатыныңызды түсіндіріңіз:

Жохан 1:12

Жохан 3:16

Жохан 5:24

Аян 3:20

ҚАРСЫЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚАРАУ КЕРЕК

17. Күнәны мойындап, Мәсіхті қабылдауға деген ерікті тек Құдай ғана бере алады. Құдай басқаларды Мәсіхке алып келу үшін мәсіхшілер Өзімен бірге жұмыс істеу құрметін береді.

Ізгі хабарды естіген адамдар Мәсіхті қабылдамауға көптеген сылтаулар таба алады. Әдетте айтылатын қарсы ойлармен танысып, оларға арналған жауаптарды табанды айта алатын болсаңыз, сіз кейде адамдарға Мәсіхті қабылдау қажеттілігін анығырақ көруге көмектесе аласыз. (Мәсіхті және Оның беретін кешірімін пікір алысудың негізгі тақырыбы етіңіз. Маңызы аз жағдайларды тым ұзақ уақыт талқылып кетпеңіз, шайтанға өзіңізді адастыруға жол бермеңіз).

Төмендегі аяттар ең жиі айтылатын қарсылықтарға тікелей қатысты. Әр қарсылықтың жанына тиісті сілтемені жазыңыз.

Нақыл сөз. 14:12

Марқа 2:17

Марқа 8:36-37

Жохан 7:17

Жохан 14:6

Рим. хат 1:19-20

Рим. хат 1:28

Рим. хат 3:23

Рим. хат 14:12

Қорынт. 1-хат 1:21

Қорынт. 2-хат 6:2

Еврей. хат 9:27

Петір. 2-хаты 1:21

а. “Құдай құдіретті де, сүйіспеншілікке толы болса, дүниеде жамандықтың бар болуына неге жол береді? Неге оны тоқтатпайды?” _____

ә. “Ізгі хабарды ешқашан естімеген адамдарға не болады?” _____

б. “Киелі кітаптағы қателер жайында не айтасыз?” _____

в. “Неге көптеген білімді адамдар Исадан танады?” _____

г. “Екі-жүзділер жайында не айтасыз?” _____

ғ. “Адам барлық күшімен жақсы болуға тырысса, Құдай оны қабылдайды. Ең маңыздысы - адалдық”. _____

д. “Бұдан да басқа жолдар бар емес пе?” _____

е. “Тым көп нәрседен айырылуға тура келеді”. _____

е. “Мен бір күні мәсіхші болатын шығармын”. _____

ж. “Киелі кітапта маған түсініксіз көп нәрселер бар” немесе “Мен осыны жақсы түсінгенімше күте тұрайын”. _____

з. “Мен - онша жаман адам емеспін ғой!” _____

и. “Өлімнен кейін бізде тағы бір мүмкіндік болатын шығар”. _____

й. “Мен - құтқаруға тұрмайтын, тым күнәкар адаммын. Құдай мені қабылдамайды”.

18. Қолос. хат 4:5-6-аяттарды оқыңыз.

а. Сіздің сенбеушілерге деген ниетіңіз қандай болуы керек?

ә. Ізгі хабарды қалай айту керек екенін түсіндіріңіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін жоспар ретінде қолданып, оның қысқаша қорытындысын жасаңыз.

4 - ТАРАУ

Істі жалғастыра беру

Жаңа келген сенушілерге Мәсіхпен бірге өмір сүруді бастауға және рухани жетілуге көмектесу - әр мәсіхшінің міндеті. Сіздің көмегіңізді қажет ететін біреу әрқашан да бар.

ІСТІ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРУ ДЕГЕН НЕ?

1. Салоника. 1-хат 2:7-12-аяттарды оқыңыз.

а. Пауыл салоникалықтарға Мәсіхпен бірге қалай өмір сүру керек екенін үйреткен кезде өз қызметін қалай сипаттады? *7-10-аяттар*

ә. Пауылдың оларға деген ниеті қандай болды? *11-аят*

в. Пауыл өздерінің рухани балаларына қандай мақсат қойды? *12-аят*

Істі жалғастыра беру - жас сенушілерге рухани өсіп, Мәсіхпен бірге жүріп жетілуіне үнемі көмектесу. Бұл оларға Мәсіх арқылы құтқарылудың мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ІСТІ НЕГЕ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРУ КЕРЕК?

2. Иса Мәсіх Өзінің жолын қуушыларға Ізгі хабарды дүниеге тарату деген Үлкен Өсиетті берді. Иса оларға осы Өсиетте не істеуді бұйырды? *Матай 28:20*

3. Пауыл өзінің тәубеге әкелген адамдарын неге қалдырғысы келмеді? *Салониқа. 1-хат 3:5*

4. Қорынт. 1-хат 4:15-аятты оқыңыз. Сіз қалай ойлайсыз, Пауыл қорынтықтар үшін неге өзін жауапты сезінді?

ӘР АДАМНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Әр адамның құндылығы мен абыройы оның ерекше болып жаратылғандығының нәтижесі. Құдайға рухани жағынан ұқсас болып тек адам ғана жаратылды. Бүкіл әлемде Құдайдың нұры болудың ерекше құрметі тек адамда ғана бар.

5. Иса сіздің Құдайға қымбат екеніңізді не деп көрсетті? *Матай 10:29-31*

6. Сіз өзіңіздің Құдайға қымбат екеніңіз жайында Лұқа 9:25-аяттан не біле аласыз?

7. Лұқа 15:3-7-аяттарда Иса әр адамның маңыздылығы жайында не үйретеді?

8. Рим. хат 16-тарауда Пауыл қанша адамды атымен атап шықты? Бұл неліктен маңызды болды?

9. Забурдағы 8-жырды оқыңыз. Жыршы адамның құндылығы туралы не айтады? Мұның сізге қалай байланысты екенін түсіндіріңіз.

БАСҚАЛАРҒА РУХАНИ ӨСУГЕ КӨМЕКТЕСУ

10. Пауыл мен оның жолдастары Иса Мәсіхке жақында тәубеге келген сенушілерге көмектесу үшін не істеді?

Елшілер. істері 14:21-22 _____

Елшілер. істері 18:11 _____

11. Пауыл мен оның жолдастары өз дұғаларында жаңа сенушілер үшін не сұрады?

Қолос. хат 1:9-12 _____

Қолос. хат 4:12 _____

12. Сіз жаңа сенушіге Құдай сөзі жайында қандай кеңес беретін едіңіз? *Қолос.хат 3:16*

13. Сіз оны басқа қандай аймақтарда жетілуге жігерлендіре аласыз?

Марқа 5:19 _____

Лұқа 9:23 _____

Жохан 15:10 _____

Філіпі. хат 4:6 _____

Еврей. хат 10:25 _____

14. Пауыл жаңа мәсіхшілерге рухани өсуге көмектескенде әр түрлі әдістерді пайдаланды. Төмендегі аяттарда қандай әдістер сипатталады?

Елшілер. істері 15:36 _____

Қорынт. 1-хат 4:14 _____

Қорынт. 1-хат 4:17 _____

Тімоте. 2-хат 1:3 _____

Сіз осы әдістердің біреуін пайдаланып, өзіңіз танитын біреуге қалай көмектесе аласыз?

Жаңа мәсіхшілерге мынандай аймақтарда көмектесу керек:

* Құтқарылғанға сенімді болу

* Тыныш уақытты тұрақты түрде өткізу

- * Киелі жазбаны жаттау
- * Киелі кітапты зерттеу
- * Қарым-қатынас
- * Куәлік беру

ҮЛГІ БОЛУ

15. Пауыл Філіпідегі қауымға өзінің үлгісі жайында не айта алды? *Філіпі. хат 4:9*

16. Тимоте. 1-хат 4:12-аятты оқыңыз. Сіз қандай аймақтарда басқаларға үлгі болуыңыз керек?

17. Жақсы үлгі көрсету неліктен маңызды? *Матай 23:3*

18. Сіз, Пауыл сияқты: “Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай, сендер де меннен үлгі алындар!”- деп айта аласыз ба? (Қорынт. 1-хат 11:1) Сіздің басқаларға жақсы үлгі болуыңыз үшін өміріңіздің қай аймақтары өзгеруі тиіс?

19. Бір адамды Мәсіхке тәубеге алып келу құрметіне ие болған болсаңыз, ол туралы ойланыңыз. Сол адам үшін дұға етіп, оның рухани өсуіне көмектесу жолдарын ойластырыңыз. Оған барып тұруға, телефон соғуға, немесе хат жазып тұруға қалай қарайсыз? Әлде оған *Шәкірт дайындау бағдарламасының* 1-кітабын немесе *Мәсіхпен бірге бастау* кітабын ұсынасыз ба? Басқа бір сенбеушіге куәлік беруге барған кезде осы адамды бірге ерте кеткеніңіз қалай болар? Әлде жақында Құдайға тәубеге келген басқа біреуді қонаққа шақырғаныңыз жөн бе? Оған 2:7 серия тобына қосылуды ұсынасыз ба? Оған көмектесу үшін не істеуге ниеттенетініңіз жайында қысқаша жазыңыз.

5 - ТАРАУ

Осы дүниенің жағдайы

Құдай дүниедегі әр бір жеке адамның қамын ойлайды. Адам былай ойлауы мүмкін: “Дүниеде миллиардтаған адамдар бар. Құдайдың сүйіспеншілігі жайындағы Ізгі хабарды соншама көп адамға жеткізу мүмкін бе? Алайда Құдайдың бізге көрсеткен жоспар -көбейіп, дүниенің түпкір-түпкіріне жететін шәкірттер жасау.

ҚҰДАЙ ДҮНИЕНІҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙДЫ

“Адамзаттың жағдайын ойлау - Құдайдың жүрегіндегі жағдайдың қамын жеу болып табылады. Ал Құдайдың жүрегінде – адамзат”.

- Досон Тротман

1. Жохан 3:16-аятта Құдайдың адамзаттың қамын терең ойлағаны қалай көрінеді?

2. Исаның қызметі кімге арналған?

Жохан 8:12 _____

Матай 5:14 _____

3. Иса егіндіктегі жақсы тұқым (мәсіхшілер) туралы айтты. Бұл қандай егіндік болды?
Матай 13:38

4. Иса Өзінің “Ұлы тапсырмасын” осы аяттарда қандай әр түрде айтты:

Матай 28:19-20 _____

Марқа 16:15 _____

Лұқа 24:17 _____

Жохан 17:18, 20:21 _____

Елшілер. істері 1:8 _____

Адамның өз көршілері мен әріптестерінің арасында, зауытында, студенттер қалашығында немесе әскери бөлімдерде және барша елде Ізгі хабарды таратқысы келгені мақтауға тұратын ниет. Алайда Құдай бүкіл дүниенің қамын ойлайды, сондықтан біздің ойлайтынымыз да осы дүние болуы тиіс. Иса Өзінің Ұлы тапсырмасында Ізгі хабарды барлық халықтар мен буындарға жеткізу жауапкершілігін мәсіхшілерге жүктеді. Өмірімізде маңызды шешімдер қабылдаған кезде біз осы дүниедегі жағдайды есімізде сақтауымыз керек.

БҮГІНГІ ДҮНИЕ

5. Осы үзінділерде жазылғаны бойынша Құдай сөзі бұл дүниенің соңғы күндеріндегі жағдайын қалай сипаттағанын қысқаша жазыңыз:

Тімоте. 1-хат 4:1-3 _____

Тімоте. 2-хат 3:1-5 _____

Петір. 2-хаты 3:3-5 _____

Қазіргі заманға тән жазылған нәрселерді айналдыра сызып қойыңыз.

6. Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын қабылдамаған адамдарды не күтіп тұр? *Салониқа. 2-хат 1:8-9; Аян 20:12, 15*

Әлемнің әр түрлі жерлерінде секунд сайын бірнеше бала туылады, демек күніне жүз мыңдай сәби дүниеге келіп жатыр. Олардың көбісі өмір бойы Исаны білмей өтеді. Күн сайын жүз мыңдай адам қайтыс болып, олардың көпшілігі Иса жоқ мәңгілікке кетеді.

7. Құдай бүкіл адамзатқа не тілейді? *Петір. 2-хаты 3:9*

Мұның не екенін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

8. Иса айналасындағы адамдардың мұқтаждықтарын көргенде Өзінің шәкірттерін не жайында дұға етуге шақырды? *Матай 9:36-38*

“Сендер “төрт айдан кейін егін орамыз” дейсіңдер. Ал Мен сендерге былай деймін: көздеріңді ашып, егіндіктерге қараңдар, олар жинауға дайын пісіп тұр”.

- Жохан 4:35

ЕГІНДІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

* Дүние жүзінің картасын алып, ондағы әр түрлі елдердегі адамдардың Мәсіхке келуі үшін дұға етіңіз.

* Ізгі хабарды таратушылармен, яғни елшілермен хат алысыңыз. Елшілердің әр түрлі жұмыстары мен ұйымдары жайында хабардар болыңыз.

* Елшілердің өмірбаяндары мен қызметі жайындағы кітаптарды, сондай-ақ мерзімді рухани басылымдарды оқып жүріңіз.


* Әр күні сенбеушілермен қарым-қатынаста болғанда қырағы болыңыз.

* Басқа елдерде рухани қызмет етіп жүрген мәсіхшілерге қаржылай көмек көрсетіңіз.

КӨБЕЮ


Дұға мен құрбандық беру - Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын дүние жүзіне жеткізуге көмектесетін екі маңызды тәсіл болып табылады. Ал біздің осы іске қатысуымыздың анағұрлым тікелей түрі - біздің жеке куәлік беруіміз. Мәсіхтің хабарын дүние жүзіне жеткізудің уақыты да келді. Біз өзіміздің осы қызметке дайын болғанымызды сезінуді немесе бір ерекше шақыруды күтпей-ақ қояйық. Біз мәсіхші болсақ - осы тапсырманы орындауға әлдеқашан шақырылғанбыз!

“Құдай адамзатты Мәсіхтің арқасында Өзімен татуластырды”
(Қорынт. 2-хат 5:19)



"Егіндік - осы дүние" (Матай 13:38)

Римдік католиктер
580 миллион
Православтар
120 миллион
Протестанттар
330 миллион



Дүние халқының саны:
4,2 миллиардтай адам

9. Киелі Рух бізге қандай қызмет істеуге күш береді? *Елиилер. істері 1:8*

Әрине, бір адам Ізгі хабарды бүкіл дүниеге жеткізе алмайды. Құдай біздің жер бетін толтырғанымыздай, Ізгі хабардың да көбею арқылы таралғанын қалайды. Адам Құдайдың Нұхқа бұйырғанын орындады, демек тәндік түрде көбейіп жатыр. Дәл солай рухани көбеюге де болады.

10. Тимоте. 2-хат 2:2-аятта Пауылдың Тимотеге айтқан нұсқауын оқыңыз.

а. Пауыл Тимотенің не істегенін қалады?

ә. Пауыл Тимотеге оның өмірлік рухани тәжірибесін қандай адамдарға арнау керектігін айтты?

Айтылған сөз бір адамнан екінші адамға жетеді. Бұл аятта Пауылдың нұсқауы Тимотеге аманаттанып, ал Тимоте оны сенімді адамдарға жеткізуге тиіс болды. Ал сол сенімді адамдарға шынайы ілімді басқаларға жеткізуі аманатталды.

Сіз өмірдегі рухани тәжірибеңізді басқа адамға аманаттап, оның да осыны басқа адамға жеткізгенін көрген кезде өзіңіздің рухани көбею ісіне қатысқаныңызға көз жеткізе аласыз.

11. Біздің қанша өмір сүретінімізді ешқайсымыз білмейміз. Айталық, сіз 70 жасқа дейін өмір сүресіз. Бұлай болса, өмірлік рухани тәжірибеңізді басқаларға жеткізуіңізге қанша жыл қалады?

Мәсіхші Құдайға жақында келген сенушіге көмектескенде мұны сол сенуші екі жылдан кейін басқа біреуге өзі көмектесе алатындай етіп істеу керек. Сіз әр екі жылда біреуді осындай деңгейге жеткізсеңіз, игі болар еді. Сіз осылай істей аласыз ба?

“Иә” дейтін болсаңыз, сіз бір адаммен екі жылдан кейін көбею жұмысын бастай аласыз.

- * Төрт жылдан кейін төрт адам болады.
- * Алты жылдан кейін сегіз адам болады.
- * Сегіз жылдан кейін он алты адам болады.

Өзіңіздің қанша жыл рухани қызмет ете алатыныңызға қарап, өміріңіздің соңына дейін қанша адамға әсер ететініңізді санаңыз.

СІЗДІҢ ҮЛЕСІҢІЗ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Иса адамзатты сүйіп, мыңдаған адамдарға көмектесе де, *он екі адамға ғана ерекше назар аударып, оларды шәкірт етті*. Шәкірттерді көбейту үшін әр адаммен жеке жұмыс істеу керек. Пауыл өзінің рухани тәжірибесін Тімотеге дәл осылай берді (Тімоте. 2-хат 3:10). Біз Ізгі хабарды көпшілікке бір адам арқылы да жеткізе аламыз.

12. Сіз Тімоте. 2-хат 2:2-аят бойынша жұмыс істеу үшін Құдайдан өзіңізге бір адам жіберуін сұрадыңыз ба? Сіз басқа адамның өміріне өзіңіз арқылы Құдайдың енуіне жол берсеңіз, Исаға осы дүниені өзгертуге көмектесе аласыз. Сіз Құдайдың рухани көбею жоспарында Оған өзіңізді қалай қолдануға жол бересіз?

13. Сіз өмір сүріп, уақытыңыз бен ақшаңызды пайдаланған кезде бүкіл дүниенің жағдайын ескересіз бе? Иса Мәсіхтің Ізгі хабарды бүкіл әлемге тарату қызметіне одан сайын көбірек қатысу үшін сіз не істей аласыз?

Дұға етуді ұмытпаңыз. Арамыздағы көбіміз басқа елдерге нақты жете алмасақ та, оларға Құдай алдында тізе бүгіп жете аламыз.

14. Тімоте. 2-хат 3:16 - 4:8-аяттарды оқыңыз. Пауылдың бұл сөздері сіздің өміріңізбен және осы дүниенің жағдайымен қалай байланысты?

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін жоспар ретінде қолданып, оның қысқаша қорытындысын жасаңыз.

Иса Мәсіхтің туылуы

(Киелі кітаппен танысу сабақтарына арналған “Бірінші Туылу мейрамы” деген құжаттар)

Сіз білетін шығарсыз, Жаңа келісім төрт Ізгі хабардан тұрады: Матай, Марқа, Лұқа және Жохан. Осы кітаптардың әрқайсысы Иса Мәсіхтің өмірін әр түрлі тұрғыдан баяндайды. Матай, Марқа және Лұқа жазған Ізгі хабарлар синоптикалық деп аталады, демек олар Мәсіхтің өмірін түгелдей сипаттайды. Жохан жазған Ізгі хабар Мәсіхтің Құдайлық болмысына көп назар аударады.

Жаңа келісім грек тілінде жазылған. Көне келісімнің көбісі көне еврей тілінде жазылған. Сондай-ақ, онда арамей тілінде жазылған бірнеше қысқа үзінділер бар. Киелі кітап қазіргі тілдерге осы жазбалардан аударылды.

Мәсіхтің туылуы туралы Матай және Лұқа жазған Ізгі хабарларда айтылады. Төмендегі сұрақтар сізге осы екі кітаптағы Исаның туылуы жайындағы оқиғаларды зерттеуге көмектеседі.

Киелі жазбадан тиісті үзіндіні оқығаннан кейін сұрақтың жауабын бос жолдарға жазыңыз.

1. Исаның шешесі кім болды? (Матай 1:18) _____
2. Мәриям кімге айттырылған еді? (Матай 1:18-19) _____
3. Екеуі қосылмай тұрғанда, Мәриям Кімнің құдіретімен аяғы ауыр болды? (Матай 1:18-19)

Киелі Рух - адамның өмірінде үнемі әрі белсенді қатысатын Киелі Үшбірліктің үшінші Тұлғасы.

4. Жүсіп Мәриямның жүкті болғанын білгенде не істемек болды? (Матай 1:19)

5. Жүсіптің ойын өзгерткен не? (Матай 1:20-21) _____

6. “Имануил” деген сөз қандай мағынаны білдіреді? (Матай 1:23)

АДАМНЫҢ ТӘНІН ҚАБЫЛДАУ

“Адамның тәнін қабылдау” - адам бейнесіне және тәніне ену деген сөз. “Құдай адамды Өзіне алып келу үшін адамның тәнін қабылдады. Ол адамды Өзінің еркін түйсікті түрде орындайтын етіп жарата алатын еді, алайда Құдай адамға өзінің Жаратушысына деген ниетін анықтауға ерік берді... Сондықтан Жаратушы Өзінің қандай екенін көрсету үшін Өз жаратқандарына олардың біреуінің кейпінде келді. Иса - Құдайға ұқсас, өйткені Ол- Құдай”.

7. Иса туылған кезде Яһудеяның патшасы кім болған? (Матай 2:1)

ИРОД ПАТША

Марк Антониймен және Цезарь Августпен байланысы арқылы б.з.д. 37 жылы Ирод Яһудеяның патшасы болды. Ол - ку, күші зор, шебер дипломат көсем болатын. Дегенмен, оның тарихтағы атағы жаман болды. Оның он әйелі болған, олардың біреуін Ирод шешесімен қоса өлтірткізген. Иродтың істеген ең үлкен зұлымдығы - Иса туылғаннан кейінгі Бетлехемдегі екі жасар және одан кіші ер балаларды түгелдей өлтіру болды (Лұқа 2:16-18). Өзінің өліміне бес күн қалғанда Ирод өз ұлын - Антипатэрды өлтірткізді. Төсегінде өлейін деп жатқан кезде ол бірнеше ауқатты яһудейлерді тұтқындауға және өзі өлген кезде оларды да өлтіруге бұйырық берді, өйткені ол өзінің өлген күні барлығының аза тұтқанын қалады. Алайда бұл бұйырық орындалмай қалды.

8. Киелі кітап бойынша, ғұламалардың саны қанша болды? (Матай 2:1-2)

9. Олар үшеу болды деген мәлімет неге негізделінген? (Матай 2:11)

ҒҰЛАМАЛАР

Шығыстан келген ғұламалар туралы тек Матай ғана әңгімелейді. Олар - жұлдыз санаушылар болған. Бұл ғұламалар Патшаға сиынып, Оған құрмет көрсету үшін келді.

10. Періште Жүсіпке не жайында ескертті? (Матай 2:13) _____

11. Мәриямға оның керемет сәбиге жүкті болғанын кім айтты? (Лұқа 1:26-28)

12. Мәриямға хабаршыны жіберген Кім? (Лұқа 1:26) _____

13. Исаға кім ат қойды? (Лұқа 1:30-31) _____

МАҒЫНАСЫ АСА ҚЫМБАТ ЕСІМ

Иса деген сөздің негізгі мағынасы “Құтқарушы” болады. Ал “Мәсіх” көне еврей тілінде “май жағылған” деген сөз. Патшалар мен дін басшылары осы мәртебелерге ие болу үшін май жағу рәсімінен өтетін. Иса Мәсіх - Құтқарушымыз, патшалардың Патшасы және біздің Ұлы Рухани Басшымыз.

14. Рим патшаларының қайсысы халық санағын жүргізуге бұйрық берді? (Лұқа 2:1)

Иса - қиялдағы адам емес. Оның туылуы - тарихтың бір бөлігі болып табылады. Біз бірінші Туылу мейрамы кезінде Бетлехемде жүрген болсақ, Оны көретін едік. Сондай-ақ, сол күндері Римге барған болсақ, Кесарь Августтың римдік патша болып жүргенін де көретін едік.

15. Иса Мәсіх туылғаннан кейін, Ол құндақталып, _____

_____ жатқызылды (Лұқа 2:7).

Сәби Иса құндақталған жөргек - “екі немесе одан көп байлауы бар шаршы мата болған. Баланы сол матаға қырынан жатқызып, матаның бұрыштарымен оның денесі мен аяқтарын орап, бір бұрышын басының астына жібереді. Содан соң жөргекті байлаулармен орнықтырады”.

Ақыр - малға жем-шөп беру үшін қолданылатын астау немесе ашық қорап.

16. Періште малшыларға не деді?

(Лұқа 2:10) _____

(Лұқа 2:11) _____

(Лұқа 2:12) _____

Келесі беттерден сіз 5-курсқа жететіндей санда *Киелі кітап оқу күнделігінің*, Рухани өсуіңізді тексеру күнделігінің және дұғалардың жауаптарына арналған парақтарын табасыз. Одан көп парақтар керек болса, әр парақтың біреуінен алып оны көшірме жасау арқылы көбейте аласыз.

КИЕЛІ КІТАП ОҚУ ЖОСПАРЫ

“Менің жолыммен жүргендер - бақытты. Ақылды болып, өсиеттерді тындаңдар, олардан бас тартпаңдар. Әр күні қақпамның алдына келіп, есігімді күзетіп, мені тындаған адам бақытты”.

Нақыл сөз. 8:32-34

Дүйсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сейсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сәрсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Бейсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Жұма _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Жексенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____

Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

<p>Сүйіспеншілік <i>Жохан 13:34-35</i></p> <p>Сендерге бір жаңа өсиет айтамын: бірінді бірің жақсы көріңдер! Мен өздерінді сүйгендей, сендер де бір-бірінді сүйіңдер! Менің шәкірттерім екендіктеріңді елдің бәрі өзара сүйіспеншіліктеріңнен білетін болады.</p> <p><i>Г-1 Жохан 13:34-35</i></p>	<p>Сүйіспеншілік <i>Жохан. 1-хат 3:18</i></p> <p>Балаларым менің, сөз жүзінде емес, іс жүзінде шынайы сүйіспеншілік білдірейік.</p> <p><i>Г-2 Жохан. 1-хат 3:18</i></p>
<p>Кіші пейілділік <i>Філіпі. хат 2:3-4</i></p> <p>Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кіші пейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар! Әркім өз мүддесін ғана емес, басқалардікін де ойлай жүрсін.</p> <p><i>Г-3 Філіпі. хат 2:3-4</i></p>	<p>Кіші пейілділік <i>Петір. 1-хаты 5:5-6</i></p> <p>Сол сияқты, сендер де, жастар, жетекшілерге мойынсұныңдар! Бәрің де арақатынастарыңда әрдайым кіші пейілділік танытыңдар! “Құдай тәкаппарларға қарсы тұрады, ал кіші пейілділерге рақымын шашады” делінген ғой. Сонымен, Құдайдың күдіретті қолының астына бой ұсыныңдар; Өзі белгілеген уақыты жеткенде сендерді жоғарылатпақ.</p> <p><i>Г-4 Петір. 1-хаты 5:5-6</i></p>
<p>Тазалық <i>Ефес. хат 5:3</i></p> <p>Араларыңда неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық пен аш көздіктің тіпті аттары да аталмасын. Құдайдың адамдарына бұлардан аулақ жүру лайық.</p> <p><i>Г-5 Ефес. хат 5:3</i></p>	<p>Тазалық <i>Петір. 1-хаты 2:11</i></p> <p>Қыбатты бауырластарым, (осы күнәкар дүниеде) жат жерлік адамсыңдар, сондықтан сендерге ескертемін: өз жандарыңа ұдайы қарсы шығатын арам құмарлықтан бас тартыңдар!</p> <p><i>Г-6 Петір. 1-хаты 2:11</i></p>
<p>Адалдық <i>Леуілік. 19:11</i></p> <p>Ұрлық жасамаңдар! Өтірік айтушы болмаңдар! Бір-бірінді алдамаңдар!</p> <p><i>Г-7 Леуілік . 19:11</i></p>	<p>Адалдық <i>Елиілер. істері 24:16</i></p> <p>Сондықтан әрдайым Құдай алдында да, адам алдында да ар-ұжданымның таза болуы үшін ұмтылып келемін.</p> <p><i>Г-8 Елиілер. істері 24:16</i></p>
<p>Сенім <i>Еврей. хат 11:6</i></p> <p>Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Оған келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс.</p> <p><i>Г-9 Еврей. хат 11:6</i></p>	<p>Сенім <i>Рим. хат 4:20-21</i></p> <p>Қайта, Ыбырайым Құдайдың уәдесіне күмәнданбай, Оған деген сенімінен қуат алды. Осылай Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті.</p> <p><i>Г-10 Рим. хат 4:20-21</i></p>
<p>Игі істер <i>Ғалат. хат 6:9-10</i></p> <p>Жақсылық жасаудан талмайық! Себебі бұдан шаршап, бас тартпақ, тиісті уақытта оның игілікті өнімін Құдайдан қабылдайтын боламыз. Сондықтан мүмкіндік барда барлық адамдарға, әсіресе сенімі бір бауырластарымызға, жақсылық істей берейік!</p> <p><i>Г-11 Ғалат. хат 6:9-10</i></p>	<p>Игі істер <i>Матай 5:16</i></p> <p>Сол сияқты, сендердегі “нұр” адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істерінді көріп, көктегі Әкелерінді дәріптесін.</p> <p><i>Г-12 Матай 5:16</i></p>